

Күн мен түн теңеліп,
Самарқанның көк тасы жібітін,
араздасқан ағайын қайта
татуласып, игі тілектер тілесетін
22 наурыз – Шығыс халқында жыл
басы. Наурыз – қазақтың шын
мағынасындағы ұлттық мейрамы.

Ауданымызда өткен іс-
шараның басты мақсаты –
қанымызға сіңісті, жанымызға
жұғысты, ой-санамызға нұрлы
шуақ сыйлап, сілкіндіріп,
серпілтетін – тілімізді, салт-
дәстүрімізді, әдет-ғұрпымызды
насихаттау, тарихымыздан дәстүр,
ата-бабамыздан салт болып келе
жатқан ұлы мерекеміз - Наурызды
көпшіліктің тойлауына ықпал ету,
мейрамды жоғары деңгейде атап
өту.

Дәстүрлі шараға жергілікті
мемлекеттік органдар және
денсаулық, мәдениет, спорт,
қоғамдық, тұрмыстық қызмет
көрсету мекемелері мен сауда
орталықтары, білім бөлімі мен
мектептердің қызметкерлері
бір кісідей қатысты. Аудан
басшысы Жансұлтан Тауенов
амангелділіктерді Өз-Наурыз
күнімен құттықтап, аудан
халқымен бірге мерекелік
қойылымды тамашалады.



НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ ӨТТІ



Қазақстанда биылғы
жылы аталып өтілетін
мерекелерге лайықталынып
ауданымыздың мектеп ұжымдары
театрландырылған қойылымдар
қойды. Ардагерлер алқасының
ұйымдастыруымен өткен ұлттық
киімдер байқауында ең жақсы киінген
аталарымыз бен ағаларымыз,
ел аналары Алғыс хаттармен
марапатталып, оларға ақшалай
сыйлықтар табыс етілді. Сонымен

қатар, мерекелік
қойылымдар көрсетіліп,
би биленіп, күйлер
күмбірледі. Ұлттық киім
киінген ата-апаларымыз
Наурыз мерекесінде
киіз үйлерде арнайы
дайындалған мерекелік
дәстүрлерден дәм татып,
ұлттық ойындар мен түрлі
мерекелік іс-шараларды
тамашалады.

- Қой жылы құтты
болсын!
Елімізге тыныштық
әкелсін! - деген ақ тілектер жан-жақтан
айтылып жатты.

Бұл күні ауданымызда тайжарысы,
гір тасын көтеру, баған басына
өрлеу, арқан тартыс жарыстары
ұйымдастырылды. Тай жарысында
1-ші орынды Бөлтірік Әміров, оның
шабандозы Иманбек Сүндетов, 2-ші
орынды Ерболат Егінбай, оның
шабандозы Нұсұлтан Егіншібаев,
3 орынды Ерхан Бабасов, оның
шабандозы Қадыр Ерханов иеленді.

Арқан тартыс сайысы бойынша
1-ші орынды есірліктер, 2-ші орынды
- Аманкелді орта мектебінің жігіттері,
3-ші орынды «Есір жастары»
командалары иеленді.

Баған басына өрлеу ойыны
бойынша Мағжан Қойшыбек, Айдар
Мәлік, Әділ Жаңбыршы, Еламан
Тоқанасов, Әділбек Шәкіржановтар
жеңімпаз атанып, арнайы сыйлықтарға
ие болды.

Гір тасын көтеру сайысы 4 түрлі
салмақта өткізілді. 68 кг салмақта
1-ші орынды - Мәди Нұрмағамбетов,
2-ші орынды - Сайын Әуесхан, 3-ші
орынды - Дәурен Қалиев иеленіп,
жеңімпаз атанды.

Ал 78 кг салмақта 1-ші орынды
- Самат Қадыржанов, 2-ші орынды
- Ернұр Көшкінбаев, 3-ші орынды -
Дәурен Ержанов иеленді.

85 кг саламақта 1-ші орынды -
Аманжол Нұркенов, 2-ші орынды -
Саят Базарбаевтар жеңіп алды.

85 кг жоғары салмақта 1-ші орынды
- Ербол Бабасов, 2-ші орынды - Олжас
Бабасов, 3 – орынды - Рахымжан

Бортиндер иеленді. «Күш атасын
танымас дегендей» гір көтеру сайысы
өте тартысты өтті.

Бұл күні бұлақтардың көздерін
тазартып, ағаштар отырғызуға әзірлік
жасаған. «Бұлақ көрсең, көзін аш!»,
«Бір тал кессең, он тал -ек», деген
сөздер осыдан шыққан екен. Наурыз
- достық, еңбек, бейбітшілік мерекесі.
Ұлыстың ұлы күні адамдар бір-біріне
деген ренішін ұмытып, өзіне де, өзгеге
де жақсылық тіледі. Ақсақалдар:
«Ұлыс оң болсын, Ақ мол болсын,
қайда барсаң жол болсын!» - деп ақ
батасын берді жас қауымға.

Осылайша Наурыз мейрамы
ауданымызда жоғарғы деңгейде
аталып өтілді. Барлық ауылдық
округтерде де тойланды.

Г.СМАЙЫЛОВА.

Суреттерде: Наурыз мерекесінен
көріністер.

Суреттерді түсірген Әнет
ЖҰМАБЕК.

2015 ЖЫЛДЫҢ СӘУІРІ - ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ САЙЛАУЫ КҮНІ

АМАНГЕЛДІ АУДАНЫ САЙЛАУШЫЛАРЫ НАЗАРЫНА!



деректердің дұрыстығын тексеру мүмкіндігі беріледі.

26 сәуір 2015 жылы Қазақстан Республикасы
Президентінің кезектен тыс сайлауы өтеді.

Дауыс беру аудан аумағында құрылған сайлау
учаскелерінде сағат 7.00-ден 20.00 дейін өткізіледі.

Нақтылы сайлау учаскесінде азаматты сайлаушылар
тізіміне енгізу үшін оның осы сайлау учаскесінің аумағында
тұрғылықты жері бойынша тіркелу фактісі негіз болады.

Сайлаушылар тізіміндегі өздеріңіз туралы деректерді
тексеруге және дауыс беретін учаскелік сайлау
комиссиясының орналасқан жері туралы мәліметті Call-
орталықтан (ақпараттық орталық) біле аласыз, байланыс
телефоны 8(71440)22-0-13.

2015 жылдың 10 сәуірінен бастап тиісті сайлау
комиссияларының үй-жайларында сайлаушылар тізімімен
танысу, сондай-ақ оларға енгізілген сайлаушылар жөніндегі

Амангелді ауданы әкімі аппараты

ҚОЛДАУ АКЦИЯСЫ ӨТТІ

2015 жылдың 26 наурызы күні сағат 11-де Қазақстан
Республикасы Президентігіне үміткер Н.Ә.Назарбаевты
қолдау жөніндегі аудандық штабтың ұйымдастыруымен
қолдау акциясы өткізілді. Онда Қ.Р. Президентігіне
үміткердің сенімді өкілдері: «Жас Отан» жастар
қанатының жетекшісі Н.Игіліков, Н.Мейірманов атындағы
орта мектеп директоры Б.Дәуітбаев, зейнеткерлер
атынан аудандық мәслихат депутаты Ж.Олжағұлова
және Қазақстан Республикасы Президентігіне үміткер
Н.Ә.Назарбаевты қолдау жөніндегі аудандық штаб
төрағасы А.Ташимов сөз сөйлеп, аудан жастары мен
партия мүшелерін, зейнеткерлерді және барша қауымды
Қазақстан Республикасы Президентігіне үміткер
Н.Ә.Назарбаевтың кандидатурасын қолдауға шақырды.

Акция барысында ауданымыздың өнер шеберлері
шараға жиналған жұртшылыққа концерт көрсетті.

«Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы – кәсіпкерлік үшін шынайы мүмкіндіктер

«Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы «Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы №958 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 13 сәуірдегі №301 қаулысымен бекітілген. Бағдарламаның мақсаты болып қазіргі тұрақты жұмыс орындарын сақтап қалу және жаңаларын құру, сондай-ақ экономиканың шикізаттық емес секторларында өңірлік кәсіпкерліктің орнықты және теңгерімді өсуін қамтамасыз ету табылады. Бағдарламаның міндеттері: жаңа бизнес-бастамаларды қолдау, кәсіпкерлік секторды сауықтыру, кәсіпкерлердің валюталық тәуекелдерін төмендету, кәсіпкерлік әлеуетті күшейту.

Мемлекеттік бағдарламада экономиканы әртараптандыруды және бәсекеге қабілеттілігінің өсуін қамтамасыз ететін оның шикізат емес секторларын жедел дамыту көзделіп отыр. Бұл ретте, шағын және орта кәсіпорындардың экспортқа бағдарлануын дамыту перспективасымен қазіргі заманғы өндірістер құру үшін оларды дамыту Мемлекеттік бағдарламаның басымдығы болып табылады.

Шағын және орта кәсіпкерлік халық шаруашылығын дамытуға, әлеуметтік проблемаларды шешуге, жұмыспен қамтылған қызметкерлер санын ұлғайтуға айтарлықтай әсер етеді. Жұмыс істейтіндердің саны бойынша, өндірілетін және сатылатын тауарлардың, орындалатын жұмыстар мен қызметтердің көлемі бойынша шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері жекелеген облыстарда жетекші рөл атқарады. Сондықтан кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау проблемасы қазіргі уақытта өте өзекті болып табылады. Қалыптасқан жағдайда мемлекет пен бизнестің әріптестігі негізінде кәсіпкерлік қаржылай және қаржылай емес қолдаудың экономиканың экспортқа бағдарланған шикізат емес секторларын дамытуды ынталандыруға бағытталған саясатын қайта қарау талап етіледі.

Осыған байланысты кредиттерге кепілдік беру және кредиттер бойынша пайыздық ставкаларды субсидиялау сияқты құралдар айтарлықтай танымал және экономиканың қандай да бір секторын дамыту мен қолдау мақсатында қолданылады. Бұл құралдар коммерциялық банктердің кредиттік және ілеспе тәуекелдер себебінен экономиканың қандай да бір секторына салуға асықпай отырған едәуір қаржы қаражатын тартуға мүмкіндік береді.

Шағын, орта және ірі кәсіпкерліктің теңгерімсіздігіне жол бермеу мақсатында шағын және орта кәсіпкерлікті, оның ішінде өңірлік кәсіпкерлікті дамыту есебінен мемлекеттік қолдауды күшейту қажет. Кәсіпкерлерге мемлекеттік қолдау көрсетудің бұл құралдары бюджет заңнама-сын жетілдіру шеңберінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілген «Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңда көзделген.

Жаңа өндірістерді дамытуда кәсіпкерліктің бірінші кезекте, шағын және орта кәсіпкерліктің бастамаларын тежейтін негізгі проблемалар: қаржыландыруға қол жеткізу және қарыз алу құнының жоғары болуы; индустриялық инфрақұрылымның дамымауы; кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымының дамымауы.

Бұдан басқа, осының алдындағы жылдары құрылған кәсіпорындарда үлкен борыштық жүктемелер сақталып отыр, бұл олардың инвестициялық белсенділігін шектейді. Әлемдік тәжірибе нарықтық экономикасы дамыған елдерде шағын және орта кәсіпкерлікке мемлекеттің барынша қолдау жасайтынын айғақтайды.

Жоғарыда жазылғандарға байланысты Бағдарламаны іске асыру шеңберінде кәсіпкерлерді қолдаудың субсидиялау және кредиттерге кепілдік беру, сервистік қолдау, өндірістік инфрақұрылым жүргізу және кадрлар даярлау сияқты құралдарын Қазақстан Республикасы жағдайына бейімдеу және пайдалану ұйғарылып отыр.

Амангелді ауданының прокуратурасы

Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013 - 2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама туралы

Республика Президентінің 24.09.2013 жылғы № 648 Жарлығымен Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013 - 2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама бекітіліп, қазіргі уақытта іске асырылуда.

Аталған бағдарламаның мақсаты болып діни экстремизм көріністерінің алдын алу және терроризм қатерлеріне жол бермеу арқылы адамның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету табылады.

Бағдарламаның міндеттері: қоғамда тағатты діни сананы және радикалдық идеологияға деген иммунитетті қалыптастыруға бағытталған діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу шараларын жетілдіру;

діни экстремизм мен терроризмнің көріністерін, соның ішінде арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары қызметін қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру жолымен анықтау мен жолын кесудің тиімділігін арттыру; экстремистік және террористік әрекеттердің салдарларын азайту және жою шараларының жүйесін жетілдіру.

Дінді жамылған экстремистік және террористік идеологияның таралу процесі соңғы уақытта іс жүзінде бүкіл әлемде ауқымды сипатқа ие болып отыр.

Қазақстан әлемдегі сыртқы саяси ахуалдың өзгеруіне байланысты өзінің геосаяси жағдайына қарай, Орталық Азия өңіріне географиялық жағынан жақын Таяу және Орта Шығыс елдеріндегі тұрақсыздыққа орай халықаралық терроризмге қарсы күрестің негізгі бағыттарының бірінде қалып отыр. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы терроризм қатерінен қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларының жүйесін әзірледі, оның тиімділігі біртіндеп арттырылып жатыр.

Конфессияаралық және этносаралық келісім мен жастар мүддесін қорғауды, мемлекеттің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мемлекеттік саясат жүзеге асырылуда.

Елбасы 18.04.2013 жылы басқа шаралардың қатарында этносаралық тағаттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісін жетілдіруге бағытталған іс-шараларды қамтитын Қазақстан халқы Ассамблеясының (2020 жылға дейінгі) даму тұжырымдамасын бекітті. Сонымен қатар, экстремизм мен терроризмнің алғы шарттарын анықтау мен жолын кесу үшін заңнамалық және ұйымдастырушылық база құру әрі оны жетілдіру жөнінде елеулі жұмыстар атқарылды.

18.02.2005 жылы «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» және 13.07.1999 жылы «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңдары қабылданды, онда экстремизм мен терроризмнің алдын алу мен оған қарсы іс-қимылдың құқықтық негіздері белгіленген, негізгі ұғымдық анықтамалар мен осы бағыттағы мемлекеттік органдардың құзыреті, сондай-ақ осы саладағы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудің негізгі қағидаттары айқындалған.

Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасының «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында басым міндеттердің ішінде радикализмнің, экстремизмнің және терроризмнің барлық түрлері мен көріністеріне қарсы іс-қимыл айқындалған.

Бұл ретте қоғамда, ең алдымен, жастар ортасында діни экстремизмнің алдын алуды күшейту қажеттілігіне, сондай-ақ конфессияаралық бейбітшілік пен келісім орнаған, діншілдер мен атеистік көзқарасты ұстанған азаматтардың да құқықтары сақталатын және құрметтелетін зайырлы мемлекет - Қазақстан Республикасының дәстүрлері мен мәдени құндылықтарына сәйкес тұрғындарда діни сананың қалыптасуына ерекше назар аударылады.

Бағдарламаны іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар болып Бас прокуратура, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, орталық, жергілікті және өзге де мемлекеттік органдар табылады.

С.БАЛТАБАЕВА,

Амангелді ауданы прокурорының көмекшісі

Х А Б А Р Л А М А

Құрметті кәсіпкерлер! Амангелді ауданының прокуратурасымен 2015 жылдың наурыз айында кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау мақсатында «Шенеунік және Кәсіпкер» атты акциясы өткізілуде. Осыған орай, Сіздердің тараптарыңыздан туындаған барлық сұрақтар бойынша аудан прокуратурасының (8-71440) 21-5-006, 21-1-73 сенім телефондарына хабарласуыңызға немесе тікелей аудан прокуратурасының жедел қызметкерлеріне жүгінуіңізге болады.

Сонымен қатар, мемлекеттік және бақылау органдарының қызметкерлері тарапынан Сіздердің құқықтарыңыз бұзылатын болса аудан прокуратурасының жоғарыда аталған сенім телефондарына хабарласуыңызға болады.

Амангелді ауданының прокуратурасы

ІСТЕРДІ ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН ІС ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІМЕН ҚАРАУ ТӘРТІБІ

Қазіргі уақытта заңдарға көптеген өзгерістер еніп, істер жеңілдетілген түрде мына төмендегідей тәртіппен қаралуда:

149-1-бап. Жеңілдетілген іс жүргізу тәртібі.

1. Сот жеңілдетілген іс жүргізу тәртібіндегі істерді осы тарауда белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, осы Кодексте көзделген талап қою бойынша іс жүргізудің жалпы қағидалары бойынша қарайды.

2. Судья жеңілдетілген іс жүргізу тәртібіндегі істерді арыз іс жүргізуге қабылданған күннен бастап бір ай мерзімде жеке-дара қарайды. Жеңілдетілген іс жүргізу тәртібіндегі істерді қарау мерзімі ұзартылуға жатпайды.

149-2-бап. Жеңілдетілген іс жүргізу тәртібімен

қаралатын істер

1. Жеңілдетілген іс жүргізу тәртібімен:

1) егер талап қоюдың бағасы заңды тұлғалар үшін – бес жүз айлық есептік көрсеткіштен, дара кәсіпкерлер, жеке тұлғалар үшін бір жүз айлық есептік көрсеткіштен аспаса, ақша өндіріп алу туралы талап арыздар бойынша;

2) талап қою бағасына қарамастан, талапкер ұсынған, жауапкердің ақшалай міндеттемелерін белгілейтін құжаттарға және (немесе) шарт бойынша берешекті растайтын құжаттарға негізделген талап арыздар бойынша істер қаралуға жатады.

2. Егер жеңілдетілген іс жүргізу тәртібімен істі қарау барысында үшінші тұлғаның іске кірісуі туралы өтінішхаты қанағаттандырылса, осы тарауда белгіленген қағидалар бойынша қаралуы мүмкін емес қарсы талап қою қабылданса не, егер сот, оның ішінде тараптардың біреуінің өтінішхаты бойынша мынадай:

1) жеңілдетілген іс жүргізу тәртібі мемлекеттік құпияны жария етуге әкеп соғуы мүмкін;

2) дәлелдемелерге олар орналасқан жер бойынша қарап-тексеру және зерттеу жүргізу, сараптама тағайындау немесе куәлік айғақтарды тыңдау қажет;

3) мәлімделген талап өзге де талаптармен, оның ішінде басқа да адамдарға немесе осы іс бойынша қабылданған сот актісіне байланысты, басқа да адамдардың құқықтары мен заңды мүдделері бұзылуы мүмкін;

4) жеңілдетілген іс жүргізу тәртібімен істі қарау, оның ішінде сот қосымша мән-жайларды анықтау немесе қосымша дәлелдемелерді зерттеу қажет деп таныған жағдайда, тиімді сот төрелігінің мақсаттарына сәйкес келмейді деген тұжырымға келсе, сот істі талап қою бойынша іс жүргізудің жалпы қағидалары бойынша қарау туралы ұйғарым шығарады.

3. Істі талап қою бойынша іс жүргізудің жалпы қағидалары бойынша қарау туралы ұйғарымда іске қатысатын адамдар жасауға тиіс әрекеттер және осы әрекеттерді жасау мерзімдері көрсетіледі. Егер істі талап қою бойынша іс жүргізудің жалпы қағидалары бойынша қарауға көшу дәлелдемелерге олар орналасқан жер бойынша қарап-тексеру және зерттеу жүргізу, сараптама тағайындау және куәлік айғақтарды тыңдау қажеттігінен туындаған жағдайларды ескере отырып, істі қарау

СОТ КАБИНЕТИ

Сот кабинеті - Қазақстан Республикасы соттарының сервистеріне электрондық түрде рұқсат алу үшін арналған бірыңғай терезе. Пайдаланушы «сот кабинетінде» тіркелу және авторлану процедураларын өткен соң келесі сервистердің бірін таңдау керек:

- Талап арыз беру;
- Электрондық өтініш беру;
- Хаттаманың көшірмесін (сот актісінің көшірмесін) беру туралы арыз беру;
- Сот отырысының хаттамасына ескертпені беру.

«Сот кабинетіне» кіру үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық куәландырушы орталығының электрондық цифрлық қолтаңбасын алу керек.

Талап арыз беру - Қызметті қалай онлайн алуға болады? Сұранымды толтырып, талап арызды, құжаттарды қоса тіркеп, оған ЭЦП(электрондық цифрлық қолтаңбамен) қол қойыңыз.

1. Талап арыз (*.doc форматында);
2. Өкілдің уәкілеттілігін куәландыратын сенімхат немесе басқа да құжат;
3. Талапкер өз талаптарын негіздейтін мән-жайды растайтын құжаттар, жауапкерлер мен үшінші тұлғалар үшін осы құжаттардың көшірмелері;
4. Оны даулайтын жағдайда нормативтік құқықтың актінің мәтіні;
5. Талапкердің сот шығындарын төлеуді кейінге қалдыру, мерзімін ұзарту, босату немесе олардың көлемін азайту туралы, талапты қамтамасыз ету, дәлелдемелерді талап ету және егер талап арызға көрсетілген болса, басқалары туралы арыз.

Талапкер (жеке және заңды тұлғалар үшін) туралы деректер нысанын және жеке не заңды тұлға болып табылатын жауапкер туралы деректер нысанын толтыру. Электрондық талап арыз нысаны бір немесе бірнеше талапкерлер мен жауапкерлер(жеке / заңды тұлғалар) деректерін енгізуге мүмкіндік береді.

Талап арызды беру кезінде заңды тұлға жеке тұлғаның есептік жазбасы арқылы (ЖСН арқылы) авторлану керек, содан соң талапкер туралы деректер жолында талапкер болатын заңды тұлғаның деректерін толтыру керек.

Электрондық өтініш беру - Сұранымды толтырып,

ұйғарым шығарылғаннан кейін басынан бастап жүргізіледі.

4. Егер азаматтық құқықтық қатынастардан туындайтын екі талап мәлімделсе, бұл ретте, олардың біреуі мүлктік сипатта болса және осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген талаптарға жатса, ал екінші талап мүлктік емес сипатта болса және сот осы талапты жеке іс жүргізуге бөліп алмаса, талаптардың екеуі де жеңілдетілген іс жүргізу тәртібімен қаралады.

5. Жеңілдетілген іс жүргізу тәртібімен басталған, бірақ оны одан әрі талап қою бойынша іс жүргізудің жалпы қағидалары бойынша қаралатын істі қарау мерзімі ұзартылуға жатпайды. 149-3-бап. Істерді жеңілдетілген іс жүргізу тәртібімен қарау ерекшеліктері.

1. Осы Кодекстің 149-2-бабының бірінші немесе екінші бөліктерінде көрсетілген іс бойынша талап арыз, арыз және осындай арызға қоса тіркелетін құжаттар сотқа жазбаша нысанда не электрондық құжат нысанында ұсынылуы мүмкін.

2. Сот талап арызды, арызды іс жүргізуге қабылдау туралы ұйғарым шығарады, онда істің жеңілдетілген іс жүргізу тәртібімен қаралатынын көрсетеді және жауапкердің немесе басқа да мүдделі адамның он бес жұмыс күні ішінде талап арызға, арызға пікір ұсынуы үшін мерзім белгілейді.

3. Тараптар мәлімделген талаптардың мәні бойынша түсініктемелерді және өз ұстанымы негізделген қарсылықтарды қамтитын құжаттарды сот белгілеген мерзімде істі қарап жатқан сотқа ұсынуға және бір-біріне жіберуге құқылы. Мұндай құжаттар сот белгілеген мерзімде ашылмаған дәлелдемелерге сілтемелерді қамтымауға тиіс.

4. Егер талап арызға пікір, арызға пікір, дәлелдемелер мен өзге де құжаттар, егер осы құжаттарды берген адамдар көрсетілген құжаттарды сот белгілеген мерзімде өздеріне байланысты емес себептер бойынша ұсына алмағандығын негіздеген жағдайды қоспағанда, сот белгілеген мерзім өткеннен кейін сотқа келіп түссе, олар қаралмайды және осы адамдарға қайтарылады. Сот көрсетілген құжаттарды қайтару туралы ұйғарым шығарады.

5. Судья осы баптың үшінші бөлігіне сәйкес дәлелдемелерді және өзге де құжаттарды ұсыну үшін сот белгілеген мерзімдер өткеннен кейін тараптарды шақырмай істі жеңілдетілген іс жүргізу тәртібімен қарайды.

Жеңілдетілген іс жүргізу тәртібімен қаралатын істер бойынша алдын ала сот отырысы өткізілмейді.

Сот тараптар ұсынған құжаттарда баяндалған түсініктемелерді, қарсылықтарды және (немесе) іске қатысатын адамдардың дәлелдерін зерттейді және көрсетілген мерзімдер ішінде ұсынылған дәлелдемелердің негізінде шешім қабылдайды.

6. Істі жеңілдетілген іс жүргізу тәртібімен қарау кезінде осы Кодекстің 23-тарауында және осы Кодекстің 189-бабында көзделген қағидалар қолданылмайды.

Г.ЖУМАГАЛИЕВА,

Амангелді аудандық сотының бас маманы.

құжаттарды қоса тіркеп, оған ЭЦП(электрондық цифрлық қолтаңбамен) қол қойыңыз.

Сіз осы сервис көмегімен тізімдегі сот органына өтінішті жазып жіберу мүмкіндігін аласыз (Қазақстан Республикасының соттар тізімі сервисі орналастырылған). Бұл ретте сізге өтініштің жеткізілу кепілдігі беріледі, нәтижесінде өтініш статусын бақылаусыз және тікелей «Сот кабинетінде» өтініш жауабын аласыз.

1. Өтініш нысанын толтырыңыз;
2. өтінішке файлды қоса тіркеңіз;
3. Оған ЭЦП (электрондық цифрлық қолтаңбамен) қол қойып, жіберіңіз!

Назар аударыңыз. «жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» ҚР Заңының 6 бабы 2 тармағына сәйкес электрондық өтінішке арыз берушінің өзі немесе қол қоюға уәкілділігі бар және өтінішті берген өкіл қол қою керек. Қызмет көрсетудің нәтижесі берілген нөмірі мен сот атауы көрсетілген өтініштің қабылданғандығы туралы хабарлама немесе бас тарту туралы дәлелді жауап алу.

Хаттаманың көшірмесін беру туралы арыз беру - «Сот кабинетіне» кіру үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық куәландырушы орталығының электрондық цифрлық қолтаңбасын алу керек. Сот отырысы хаттамасының көшірмесін беру туралы электрондық арызды электрондық түрде сот отырыс аяқталған соң 3 күнтізбелік күннен кешіктірмей беру керек. Жеке іс жүргізу әрекеті туралы электрондық ескерту арызды ол жасалғаннан кейінгі келесі күннен кеш емес мерзімде беру керек. Қызмет көрсетудің нәтижесі ішінде электрондық түрдегі сот хаттамасы бар pdf –форматындағы құжатты немесе бас тарту туралы дәлелді жауап алу. Қызмет көрсету мерзімі 5 жұмыс күн.

Сот отырысының хаттамасына ескертпе беру - Сот отырысы хаттамасының көшірмесін беру туралы электрондық арызды электрондық түрде сот отырыс аяқталған соң 3 күнтізбелік күннен кешіктірмей беру керек. Жеке іс жүргізу әрекеті туралы электрондық ескерту арызды ол жасалғаннан кейінгі келесі күннен кеш емес мерзімде беру керек. Қызмет көрсетудің нәтижесі азаматтық іс нөмірі мен сот атауы беріліп, ішінде электрондық арызды қабылдау туралы хабарлама немесе бас тарту туралы дәлелді жауап алу. Қызмет көрсету мерзімі 5 жұмыс күн.

Ж.БАЙДАЛИНА,

Амангелді аудандық сотының бас маманы.

«ЖАСТАРҒА ЖОЛ» БАСПАСӨЗ-РЕЛИЗИ

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қостанай облысы бойынша департаменті халықтың арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру дәрежесін көтеруде және жаңа өскелең ұрпақты жемқорлықсыз тәрбиелеу мақсатында белсенді жұмысын жалғастыруда.

2015 жылғы 26 ақпанда Департамент басшысы Үсенов Данияр Қостанайдағы Ахмет Байтұрсынов атындағы Мемлекеттік университет ректорының кеңесшісі, «Құқықтық Қазақстан үшін» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Төрағасы Дәуенов Михаил, «Жас Отан» жастар қанаты мүшелері, ҚМУ белсенділері және «Жастар бастамасы орталығы» қатысушыларымен бірлесіп Сарыкөл ауданының жастарымен кездесу өткізді.

Шараға аудандағы мемлекеттік қызметтегі, студенттер, мектеп жастары мен үкіметтік емес және қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысты.

Шараның ашылу барысында «Біздің ең негізгі бағытымыз жемқорлықтан сақтандыру. Сіздермен жұмыс жасау біз үшін өте маңызды, ал сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру бұл – әрбіріміздің міндетіміз»-деп Үсенов Данияр атап өтті. Кездесуде жаңадан құрылған мемлекеттік орган – Агенттіктің негізгі мақсаттары мен міндеттері туралы түсіндіріліп, Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының басымдылығы туралы айтылды.

Аудан жастарының өкілдері кездесу кезінде көкейлеріндегі жүрген сауалдарды қойып, оған шараға қатысушылардан толыққанды жауап алды.

Дәуенов Михаилда «Біз Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Департаментіне алғысымызды білдіреміз және одан әрі белсенді жұмыс атқарамыз деп сенемін. Мұның бәрі осы жастар үшін жасалып жатқанын олар түсінуі керек»-деп түіндірді.

«Жас Отан» жастар қанатының өкілі Төлеутаев Ерланд өзі кезегінде Үсенов Даниярға жастардың облысымыздың сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет басшысына көкейлеріндегі сұрақтарды қоюларына мүмкіндік жасағанына алғысын білдірді.

Осы тектес шаралар Қостанай облысының қашықтағы аймақтарында Департамент тарапынан тұрақты негізде жүргізіліп тұратынын қаперге саламыз.

ҰСТАЗДАРДЫҢ ҰСТАЗЫ БОЛҒАН МАЙДАНГЕР

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы (1942-1945) үш жыл бойғы күндіз-түнгі үзіліссіз жаңбырша жауып тұрған оқтың, жан-жағынан жарылып жатқан бомба, снарядтардың астында, талай мәрте жараланып, қайтадан қатардағы жауынгерлермен бірге талай шабуылдарға араласып, жорық жолын Шығыс Пруссияның Пиллау портында аяқтап, елге «Қызыл Жұлдыз» орденімен екі мәрте, II-дәрежелі «Отан соғысы» т.б. ордендерімен жеңіспен оралған аға-лейтенант шеніндегі бөлім командирі Ғыждуан-аға Қасымов өзінің негізгі ұстаздық мамандығына оралып, бұл қызметінде де еңбектері жеміссіз болған жоқ. «Еңбек Қызыл Ту» ордені «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медалі соғыстан кейінгі еңбектерінің жемістері болса, 1961 жылы №1 «Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген мұғалімі» атты құрметті атаққа иеленіп, 1970 жылы «СССР ағарту ісінің үздігі» төс белгісі медалімен марапатталған. Амангелді, Арқалық аудандарында мектеп басшысы, аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі қызметтеріндегі бірге еңбек еткен замандастары мен шәкірттерінің естеліктерінің өзі бірнеше кітаптарға желі болып, республикалық деңгейдегі және облыстық, аудандық, қалалық газеттердегі мақалаларға айналған.

Ғыждуан ағайдың бұрынғы шәкірттерінің бірі, өзі де Ұлы Отан соғысының қатарлары сиреп қалған ардагерлерінің бірі, еңбек ардагері, өзі де кейін біраз жылдар бойына ұстаздықпен қатар мектеп басшысы қызметтерін абыроймен атқарған, бұл күндері Астана қаласында тұрып жатқан Мінайдар Боранбайұлы:

- 1940-жылдары 7-сыныпты Амангелді ауданының орталығындағы орта мектепте оқып, Ғыждуан ағай бізге география, тарих пәндерінен дәріс берді. Біздің сыныбымызда Түйебаев (атын ұмытып қалыппын), Әбенов Бейсенбек т.б. оқығаны есімде. Сол жылы Алматыдан Оңдасынов деген ірі бастық келіп (біздің сыныпқа келетінін алдын-ала ескерткен) Ғыждуан ағай ертіп әкелді. Шама-сы мектептегі үлгілі сынып болғанға ұқсаймыз. Ғыждуан ағайдың дәрістерін бүкіл оқушылар мұқият тыңдап, ерекше әсерге бөленетінбіз. Мінезі өте сабырлы, үні биязы, сөйлегені де, күлімісің, күлгені де, жүргені де, киім киістері де бізге үлгі болатын. Менің келешектегі ұстаздық жолды таңдауыма: Рим философы Сенеканың айтқанындай:

- «Жақсылыққа үлгі көрсетіп жетпесе, уағыз айтумен жету қиын» деген осы сөзі мен Ғыждуан ағайдың адал пейілі, жан тазалығы, жақсылық нұрымен сәулеленген кеңдігі мен кешірімділігі – соңынан мені ұстаздық жолға алып кел-

ген болар. Оған мен еш өкінбеймін, бұл күндері менің де шәкірттерімнің біразы ұлағатты ұстаздық жолды таңдағандары – еңбегімнің жемісі екендігіне тәуба етемін, - деп еске алады.

Ғыждуан ағайдың адамдығын, адалдығын өмір бойы өзінің ұстанымына айналдырған тағы да бір (марқұм) шәкірті Әубәкір Қылышбайұлының «Бас кеспек болса да» (Қостанай қаласы, 2005ж.) атты кітабының 77-78 беттерінде:

- Ол жылдары мына бертіңге дейін мектепте дене тәрбиесі мен суреттен басқа барлық пәндерден оқу жылының соңында емтихан тапсырылатын. Соның қорытындысы бойынша ғана сыныптан сыныпқа көшірілетін. Сондай ұлы бәйгеде, емтихандарда мен сөз (тіл, әдебиет, тарих, география, биология, анатомия, астрономия) сабақтарындағы сұрақтарға билетті ала салып, ойланп отырмастан жауап беріп, бестік бағалар алып жүрдім. «Ұяттағы, ұят та болса, тұрат тағы» депті қазақ атам. Осындай жеті жылдық мектептің соңғы сыныбының емтихан тапсыруы кезінде бастан кешіп, ұяттан өлмеген бір жағдаятты бүгін еске алып отырғаным. «Өткен-кеткеніңді айтсаң, күнәң төгіледі» - депті ғой даналарымыз. «Күнәм» төгілер ме екен, соны айтып өтейін.

Сол жылдары бізге тарих пәнінен мүлдем сауаты жоқ бір мұғалім сабақ берді (аты-жөнін айтуға аруақтан ұялып отырмын). Ол марқұм кітабын ашып қояр еді де, қиядан көз тастап, сол беттерді бірінен соң бірінен оқып шығатын. Сонда, ең болмаса сол оқығандарын өзі ұғып, түсіне алмайтын, жарықтық. Біз сол ағайдың сабағында сұрақтарына ылғида отірік жауап беретінбіз. Мүдірмей айтқанымыз үшін төрттік, бестік бағалар алатынбыз. Біздің сорымызға қарай сол бір жылдары аудан көлеміндегі әр ауылдағы жетіжылдық мектептердің бітірушілері емтиханды Амангелді ауданының орталығындағы орта мектепте тапсыратын болған. Мұнда әлгі ағайымызға мүлдем ұқсамайтын тарих пәнінің білгірлері: Сақтағанов Ғабдырахман, Қасымов Ғыждуандар ұстаздық ететін. Сөз сабақтарының емтиханын мақтаншақтықпен кезектен тыс тапсырып, сұрақтарға билетті ала салып, орынға отырып ойланбай-ақ жауап беріп жаман әуестенген маған осы жолы тарих пәнінің емтиханында ең соңғы 33-билет тап болды. Қолымызға осы пәнінің емтихан билеттері кеш тигендіктен оған ақырына дейін дайындалып үлгермеген мен, болдырған аттай тұрдым да қалдым. Сол сәт көзім бұлдырап, тілім байланып



қалды. Шама-сы көп тұрып қалсам керек, емтихан алып тұрған Қасымов Ғыждуан ағайдың: - «Білмейсің, тұрма, кет!» - деген сөзінен селк етіп, ұйқыдан оянып кеткендей күй кештім. Есіме бұрынғы ағайыма осы пәнінен сабақ айтатын әдетім сап ете түсті. Сол ізге салып, атымның басын жібергенім есімде. «Қой енді, болды!» - деп жекірген Ғыждуан ағайдың сөзіне ол бірнеше рет қайталаса да тоқтамағанымы анық білемін. Сол кісі: - «Суайт! Ақымақ!» деп жұлқып-жұлқып бөлмеден ітеріп жібергенде барып, есімді жидым. Есіктен ішке құлақ түрсем, Облыстық оқу бөлімінің келген өкіл, мемлекеттік емтихан алу комиссиясының төрайымы Алма-това шек-сілесі қатып күліп, мені жақтап «өжет екен» деп мақтап жатыр екен. Ғыждуан ағай болса «Өзі жынды болған соң, бізді жынды етуін!» - деп бұлқанта-лқан, әлі ашуланып жүр. Жүрегім сонда барып орнына түскендей болды. Ұяттан адам өлмейді екен...

- Мынау апайыңа осы жолы алған төрттік бағаң үшін қарыздарсың! - деді. Емтихан қорытындысында Ғыждуан ағай, Алма-тованы нұсқап. Осы жолғы әртістіңді енді қайталасаң мен кешірмеймін - деді бетінде күлім табы ойнап. Жүрегім сонда барып орнына түскендей болды. Ұяттан адам өлмейді екен...

Мен Амангелді орта мектебінде оқыған жылдарымда тарих пәнінен өтірікті соғатын жоғарыда айтылғандай жаман әдетімнен арылып, «күнәмді» жақсы жудым. Мұнан кейін атакты азаматтар болған жазушы Ақан Нұрманов, ғалым-экономист Мансұр Шәкіржанов, Адыр-

бай Мағзұмов, Кәрібай Өтебасовтармен бір сыныпта оқыдым. Математика мен орыс тілінен бөтенгі сабақтарды жақсы оқып, сыныптың кеуде тұсындағы оқушылардың бірі болдым...

Ігі істерімен еліне үлгі, өнеге болған, кейінгі жылдардағы біздің табыстарымыздың тай-қазандарын тасытқан ардақты, рухымызды асқартқан Ғабдырахман Сақтағанов, Ғыждуан Қасымовтарды қалайша ұмытармыз. Біз сол кездегі жас ұрпақ осы асыл азаматтарға қарап, бой, ой түзеп өстік. Олардың өркенді, өмірнен істерін үлгі, өнеге тұттық. Балаларымыз бен немерелерімізді солардың ұстанған асыл армандары үлгісімен де тәрбиелеуге тырыстық. Мұны қазіргі есі түзу ұрпақ әркез жадында сақтаулары ләзім... деген естеліктері сақталған.

Осындайда Ғыждуан ағайдың көп шәкірттерінің бірі Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген Мәдениет қайраткері, белгілі журналисты Төлебай Ысқақовтың «Қазақстан» баспасынан жарық көрген «Жалынды жылдар» атты кітабындағы «Ұстаз да кірді ұрысқа» атты әңгімесіне де осы Ғыждуан ағайдың ұлағатты бейнесі, еңбегі желі болғанын атап өту ләзім.

Осыдан бірнеше жыл бұрын Ұлытау өтегіндегі бір кездегі Қорғасын кенінің ошағы болған «Шенбер» атты елді мекенінде болғанымда, жергілікті қалың жұртшылық бір кездегі орта мектеп басшысы, ұстаздық ісіне өте ұстамды, сабырлы да салмақты Ғыждуан Қасымұлы туралы аңызға бергісіз әңгімелерін бірінен кейін бірінің қақпақылдап, жыр қылып айтқандарына куә болып, оларға өзімнің сол ағайдың інісі екенімді таныстырып, сонынан туыстай болып, табысып кеткенім есімде. Бұл да болса – Ғыждуан ағамыздың ісі мен ішінің тазалығын, өзін қоршаған қоғамға, өзіне де өзгеге де шынайы адалдығы, ақын Ғафу аға Қайырбековтың:

Ұстаз болу – жүректің батырлығы, Ұстаз болу – сенімнің ақындығы, Ұстаз болу – мінездің күн шуағы, Азбайтұғын адамның – алтындығы – деген мына өлең жолдары дәл Ғыждуан ағамыз сияқты ұлағатты ұстаздарға арналғандай.

Ағамыздың ұстаздық шеберлігін мойындап, жұп-жуас балаларға айналған бұрынғы «жүгенсіздер» бұл күндері марқұм болған «Шенберлік» (Ұлытаудағы) Науқанбай, Қостанайлық Т.Сыздықовтың т.б. естеліктері бұған дейінгі газеттер мен кітаптардағы

деректі әңгімелерге желі болғаны белгілі. Ғыждуан ағамыздың естелік бұрышы Арқалық қаласының №3 Майлин атындағы мектептің жәдігеріне айналған. Осындай естеліктер ағамыздың ұстаздық еңбектегі іздері қалған басқа да елді-мекендерде болғаны бұл күнгі ескелең ұрпаққа тәрбиелік мәні зор шаралардың бірі болып, ілгерідегі озандардың елі, жері, келешек ұрпақ үшін жасалған еңбектерінің елеусіз қалмағандығын сөзбен емес іспен тиянақтаған теңдесі жоқ тәлімді құжат болған болар еді. Бұлардың барлығы өздерін ұстазбын деп, білім саласының қайраткерімін деп жүрген бүгінгілерге аманат.

Жоғарыдағы есімдер аталған Ғыждуан ағайдың шәкірттері Мінайдар Боранбаев та, Әубәкір Қылышбаев та жылдар жылжи келе өздерінің еңбекқор, алғырлықтарымен көпшілікті сендіре алатын, айтқандарына көңдіре алатын мектеп басшыларына дейін көтеріліп, шәкірттеріне ізгілікті, инабаттылықтың, ар-ожданның не екенін, ел алдындағы парыздарын ұмытпауға, көпшілікті ала-май, ешкімді де жараламай, кешкіл болмай, көпшіл болуға тәрбиелеген еді.

Ғыждуан ағайдың бұрынғы шәкірттері ұстаздарын – пірдей көріп, ата-аналарымен бірдей көріп, өмірдегі жетістіктерінің, шыққан шыңдарының барлығына себепші, ақшылы болғанын жиі еске алып отыратын, қарапайым мұғалімдіктен – талай жылдар бойына мектеп басшысы, соңынан аудандық оқу бөлімінің меңгерушілігіне дейін көтерілуіне бірден-бір қамқоршы болған, өзінен кейінгі осы қызмет орындарына, жоғарыдағы басшыларға лайықты деп басшы боп тағайындалуына да мұрындық болып ілгеріге сүйрелеп отырушы деп еске алады, жасы сексеннен асса да әлі бір кездегі сәбилік, балалық, жастық ерекшеліктердің нышандарының іздері бойында сақталған асау ағамыз Орманбек Бимағанбетұлы.

Ғыждуан ағай өмірінің соңғы ондаған жылдарын Қостанай қаласының Ыбырай Алтынсарин атындағы мектеп басшысының оқу ісі бойынша орынбасарлық қызметін зор абыроймен атқарғаны белгілі. «Қазақ ССР мектебіне еңбегі сіңген мұғалім» атты №1 құрметті атаққа кеудесін керіп мақтанабаған, ниеті мен жүрсіңде мін жоқ, айтқанында зіл жоқ, көңілінде кір жоқ, Республика көлеміне есімі белгілі ағайымыздың жатқан жері иман нұрына толып, алды өзіне, арты ұрпақтары мен талай буын шәкірттеріне ұлағаттылық істері жұғымды болсын! Әумин!

Еркін ҚОЖАХМЕТҰЛЫ,
оңертанушы, еңбек ардагері,
Арқалық қаласы.

СУРЕТТЕР СЫР ШЕРТЕДІ



соғыстан кейінгі жылдарғы 4 мерекелік медальдармен марапатталған. 1945 жылы елге келіп колхоз, совхоздарда көп жыл озат шопан болып еңбек еткен, 1998 жылы қайтыс болды.

Төртінші. Тұрмағанбетов Ерғали, 1926 жылы туған, 1944 жылы әскерге шақырылып соғыста 1945 жылға дейін №124 атқыштар полкының құрамында болып жауынгерлік 3 медальмен марапатталған, 1989 жылы қайтыс болды.

Бесінші. Оспанов Төлеу, 1910 жылы туған, 1941 жылы Оңтүстік Қазақстанның Пакхатлар әскери комиссариатынан әскерге шақырылып, №1061 атқыштар полкінің жауынгері болған, 1945 жылы елге келіп совхозда бөлімше меңгерушісі, кейіннен ауылдық кеңестің төрағасы болып қызмет атқарған, 1996 жылы қайтыс болды. Соғыстағы жауынгерлік ерлігі үшін екінші дәрежелі Отан соғысы орденімен және 4 мерекелік медальдармен марапатталған.

Алтыншы. Нұғыманов Нұржан, Ұлы Жыланшөк өңірінің тумасы, соғысқа дейін әр салада жұмыс атқарып жүріп жазықсыз «Халық жауы» атанып 25 жылға сотталып кете барған. Енді елге қайтамын деп жүргенде соғыс басталып кетеді де, өзі тіленіп сол жақтан соғысқа аттанады. 1942 жылдың наурыз айында алғаш ұрысқа кіріп №44 кейіннен №146 атқыштар полкіне, одан әрі №860

полкіне жауынгер болған. Жалпы қан майдан ортасында үш жыл арпалысып үш рет ауыр жараланған, сауығып шыққаннан кейінде қайтадан қатарға қосылып №198, 1027, 1009 және 1233 атқыштар дивизиясы мен полктарының сапында соғысқан. Соғыстағы ерлігі үшін бірінші дәрежелі Отан соғысы орденімен «Ерлігі үшін» медалімен және соғыстан кейінгі 4 мерекелік медальдармен марапатталған 1994 жылы қайтыс болды.

Жетінші. Бектепов Әбдіқалық, 1919 жылы туған, соғыс және еңбек ардагері, әскерге 1941 жылы алынып, соғыста №1046 атқыштар полкінің құрамында болған. Соғыстағы ерлігі үшін екінші дәрежелі Отан соғысы орденімен және жауынгерлік 5 медальмен марапатталған. 1944 жылы жараланып елге келіп көп жыл майталман аға шопан болып еңбек етті. Адал еңбегінің арқасында кезінде Мәскеу қаласында өткізілген Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы көрмесінің жеңімпазы болған. 1995 жылы қайтыс болды.

Сегізінші. Туғанбаева Өтебике. 1921 жылы туған, көп балалы Ардақты ана және тыл, еңбек ардагері күйеуі Амангелді соғысқа кетісімен өзі тылда айналып еңбек еткен, шынашақтық болса да өте қайратты әрі төзімді болған. Күйеуі соғыстан бірінші топтағы

мүтедек болып оралып, бригадир болып тағайындалғанда колхоздың жұмысына Өтебике апай өзі бас болып әйелдерді жұмысқа алып шығады екен. Ауылда бұл шешейді «қасқыр соққан Өтебике» дей тұғын, оның жөні бар, соғыстан кейін ел жағдайы әлі қалыпқа келе қоймаған кез болса керек, бірде апай ерте тұрып «Жолабаның» қопасының жиегінен отындық қамыс орып әкелуге келе жатса алдында бір қасқыр ұйықтап жататын көрінеді, апамыз саспай әлгі қасқырды қолындағы бел орағымен мандайынан бір салып ауылға арқаап әкелген көрінеді. Өте іскер, берекелі, жоқтан бар жасайтын өз қолымен дайындаған ұлттық ас-су мазірлері тіл үйретін еді 1991 жылы қайтыс болды.

Тоғызыншы. Қойшыбаева Барқыт, тыл және еңбек ардагері, бұл суреттегі апамыздың жүзіне зер салып қараған адам тұр-әлпетінен, мандайы мен қолдарының сыртындағы тарам-тарам әжімдерінен небір тауқымет пен мұң азабының іздерін аңғарған болар еді, қазақ Кейуана деп осындай адамдарды атаса керек. Кезінде бұлан өскен, атакты «Сары» Қошқар ағамыздың шөбересі, яғни ағамыздың бірінші әйелінен туған Аяпберген деген баласының қызы екен. Өзі сұлу әрі текті оралдан шыққан қызға кім қызықбайды дейсін, сол өңірдің «Елке» руынан тараған ағайындары

өздерінің Мағзұм деген баласына құда түсіп, айттырып апамызға үйлендіреді. Мағзұм сол кездің өзінде айтулы би болса керек, бірақ тағдырдың жазуы шығар апамыз ол кісіден құрсақ көтере алмапты. Сонынан ерген Бұйрабас және Төлен деген екі бауыры болған екен, олар соғысқа алынып, содан оралмай хабар-ошарсыз кеткен. Қайран, апамыз екі көзі төрт болып сол бауырларынан үмітін үзбей, өле-өлгенше оларды күтіп өтті. Кейде өзімен-өзі онаша қалғанда бауырларына деген сағынышын мұңды өлең шумақтарымен ыңылдап айтып отыратын еді, соған қарағанда бұл кісі ақындықтаңда кара жаяу емес сықылды. Бір әттеген-айы, сол өлендерін қағаз бетіне түсіріп алу ешкімнің ойына келмеген. Сөйтіп әбден құсаланып мен-зең күй кешіп жүргенде апайды Текен аға өз отбасының қамқорлығына алыпты, оның өзіндік себебі де бар өйткені Текеннің әйелі Балсан шешейге Барқыт апам нағашы апа болып келеді екен. Кезінде Текен аға өзінен туған Моншақ деген қызын «құдай алдында сұраусыз» деп осы кісінің бауырына салған. Сол Моншағы апамыздың тәрбиесін көріп, қолқанаты болып, бойжетіп, жоғары оқу орнын бітіріп, 1987 жылы апамның батасын алып өз қолынан ұзатылды. Мен сол тойдың куәгері болған едім. 1996 жылы асыл да ардақты апамызды ел болып соңғы сапарға арулап шығарып салдық.

Оныншы. Қойшыбаева Балсан 1925 жылы туған, көп балалы Ардақты ана, тыл және еңбек ардагері. Апай текті әулеттің қызы болған, от ауызды орақ тілді өткір сөйлейтін адам еді. Аузынан тобасы түспей бір әулетті нық ұстай білген. Көпшіл, қонақ жай, дастарқаны берекелі өз қолымен әзірленген бал қаймағының дәмі ешкімнің есінен кетпес. 2001 жылы қайтыс болған.

Он бірінші. Нұржанова Несібелді, көп балалы Ардақты ана, тыл және еңбек ардагері, жоғарыда сөз еткен Нұғыманов Нұржанның әйелі 1996 жылы қайтыс болды.

Он екінші. Әбдуәлиева Әйпін, көп балалы Ардақты ана, бұл кісінің жолдасы Алданазаров Сағынбек елге та-нымал азамат болған, еңбек ардагері, кезінде атқарған еңбектері еленіп Одақтың «Еңбек қызыл ту» орденімен марапатталған, 1961 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты болып сайланған. Бұл кісі 1982 жылы қайтыс болып, әйелі Әйпін апай 1985 жылы дүниеден өткен.

Сайлаубек САЙДИЛЬДИН,
зейнеткер.

1990 жылдың сәуір айының басында ӘЖАНГЕЛДИН атындағы совхоздың сол кездегі директоры марқұм Текенов Бо-ранбай, бастауыш партия ұйымының хатшысы мен, кәсіподақ ұйымының төрағасы Жәнділдин Сағидолла және бастауыш комсомол ұйымының хатшысы Дауылбаев Танат барлығымыз ақылдаса отырып Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 45 жылдығы мерекесі қарсаңына орай совхоз орталығынан Ескерткіш такта ашуды жоспарладық. Соған орай арнайы жұмысшы комисси-асын құрып, міндеттерімізді айқындап іске кірісіп кеттік. Маған арнайы мрамор такта іздестіріп, соларға осы өңірден соғысқа аттанып елге оралмай қалған боздақтарымыздың аты-жөндерін нақтылап, тізбелерін мраморға қашап жаздырту жүктелінді. Такта орната-тын орынды белгілеп оны «Ер есімі - ел есінде» деп атауды ұйғардық. Ең бірінші ауылдың үлкен-кішілерімен әңгіме жүргізіп боздақтардың аты-жөндерін, қай жылы соғысқа алынып, қай жылы қаза тапқанын анықтап тізім жа-садым. Сөйтіп айналасы жиырма шакты күннің ішінде такта құрылысы толықтай аяқталып бітті. 8 мамыр күні Ескерткіш тактаны ашу белгіленіп, оған аудандық партия комитетінің сол кездегі хат-шысы Мұрсалимов Альберт, аудандық партия комитетінің аппарат басшысы марқұм Ибраев Әлімжан және көршілес совхоз басшылары шақырылды. Осы күні сағат 11-де Ескерткіш-такта салтанатты түрде ашылып, қонақтарға сөз берілді, құрметті қарауыл тұрғызылып, такта алдына гүл шоқтары мен ленталар қойылды. Бұл игілікті ісімізге бүкіл ауыл қауымы ризашылықтарын білдіріп, үлкендер жағы баталарын берді.

Сонымен менің жеке архивімде 25 жылдай сақталған мына суреттерден сыр шертер болсам, алдыңғы қатарда тұрғандар, оңнан солға қарай,

Бірінші. Елтебаева Бижамал. 1920 жылы туған, тыл және еңбек ардагері, кешегі ел басына күн туғанда ер азаматрды жоқтаптай тылда қалып ерен еңбектің үлгісін көрсете білген осындай аналарымызды мақтаныш тұтуымыз керек. 2003 жылы қайтыс болған.

Екінші. Момбаев Қазтай. 1926 жылы туған, тыл және еңбек ардагері. 1998 жылы қайтыс болды.

Үшінші. Әлменов Сәдімән. 1915 жылы туған, соғыс және еңбек ардагері, 1941 жылы әскерге шақырылып, екінші Украин майданында соғысқан, Смоленск қаласы үшін болған ұрыстағы ерлігіне орай екінші дәрежелі Отан соғысы орденімен, «Ерлігі үшін» медалімен және

Аңсадым жылы сөзінді,
Ақылшы болған кезінді.
Есімде, әке, сақтаймын
Асқар тау биік өзінді.
(Х.Талғаров. «Жан әке»)

Есейіп кетсемде,
Мен саған сәбімің.
Көңіліңді көктемдей,
Көзіңнен танимың.
(Ғ. Қайырбеков: “Ана туралы жыр”)

БІРАУЫЗ БЕТАШАР

Бұл очерк жазылар тұста
Бәйтемір әулетінің қазіргі
үлкені Хамитбек Махмұтұлы
ағамыз оған Ғафу және Хасен-
хан ақындардың екіауыз өлеңін
эпиграф етіп алуымызды қалады.
Осы жыр жолдарын телефон-
мен жатқа оқыды. Ақылға са-
лып қарағанда бұл шумақтар көп
нәрседен хабар береді екен. Бірінде
- әкеге, бірінде - анаға деген пара-
сатты перзент сағынышы мен
сүйіспеншілігі бар...

1

Қозыкенің (Сарының) бір баласы
Құлшықтың немересі Тостағаннан
Айтуған, Тастемір, Бәйтемір, Сегізбай,
Егізбай туады. Бәйтемірден Жәкен,
Біржан, Досмағанбет, Махмұт өрбиді.
Осы Бәйтемір балаларының өмір жол-
дары жайлы әңгіме етпекпіз.

Бәйтемір - 1847 жылы туып, 1922
жылдың 25 қыркүйегінде 75 жасында
қайтыс болған. Орта даулетті, орны-
мен айтылған тұзу сөзімен, қажетті
жерде жөн сілтейтін табиғи ақыл-
парасатымен ағайындарының арасында
сыйлы болған. Құлшықтан тараған
әулет өзен бойын жайлаған, суармалы
егіншілікпен айналысқан. Сонысымен
шамалы қуаңшылыққа бой алдырмай-
тын қуатты, іргелі ел болған. Ел ішінде
“Әуелі Құдайға, сонан соң Құлшыққа
қаралық” деген сөз аталарымыздың
манайындағы ел қысылғанда ағайынға
көмегін аямай, барымен бөлісетін
қайырымдылығына, ағайынды бөле-
жармайтын адамгершілігіне байланы-
сты айтылса керек.

Ескі сөзді, есті сөзді көп білетін,
ақындықты да, әкімдікті де қатар
ұстаған марқұм Қалди Әубәкіров
ақсақалдың:

– Жарбастылар патша шенеуніктері-
нің пәрменімен Қостанай жағынан осы
өңірге қоныс аударғанда, алғашында
өзен, судан алашақтау қыратта орналасса
керек. Сусыз жерде шаруашылықтары
күйзеле берген соң ауыл ақсақалдары
ақылдаса келіп, “Құлшыққа қыз беріп,
қалың малдың орнына өзен бойы-
нан егін салатын жер сұрайық” деп
пәтуаласқан көрінеді. Ақыры осы ой-
ларын жүзеге асырып, құбылмалы ауа
райына тәуелді мал шаруашылығына
егінді қосып, ашқұрсақтық нәубетінен
құтылған екен. «Біздің Сарылар-
мен құдалалығымыз ертеден
басталған. Құдалығымыздың сыр-
тында біразымыз оларға жиен бо-
лып келеміз», - деген сөзі сол жолы
мәжілістес болған көпшіліктің есінде.

Бәйтемірдің бәйбішесінен бірінғай
қыздар (Рысты, Құлпы, Мәтер) туып,
ұл бала болмай жүргенде, кенеттен
қайтыс болған кенже інісі Егізбайдың
айтырып, қалың малы төленіп қойған
қалыңдығы Ғалымжанды әменгерлік
жолмен ақсақалдар Бәйтемір атаға
қосады.

Бәйтемірдің жасы ұлғайған шағында
ұлдан үлкені Жәкен туады. Жалғыз
ұлы Жәкенді тіл-көзден аман болсын
деген ниетпен маңдайына күйе жағып,
төбесіне айдар қойып, еркелетіп
өсіреді. Қатарластарының бәрі немере
көріп, шөберелерінің қолынан су ішіп
жатқанын көріп, болжаусыз ажалдан
қауіптенген Байекең жасы алпыстан
асқан шағында 13 жасар ұлына нағашы
жұрты (лақ руы) жағынан өзінен 1-2
жас үлкен Бәтима атты қызды құда
түсіп, алып береді. Жәкеннің айда-
рын келіншек әперетін жылы алдырған
екен. Бала емес пе, күндізгі шаруа-
дан (арасында ойын да бар шығар)
шаршаған ол дастархан басында
ұйықтап қалғанда, отау үйге келіншегі
көтеріп әкететін еді, – деп күліп оты-
ратын жеңгелері. Жас келіннің 1910
жылы туған тұңғышы қыз бала бо-
лып, атын Бибімәрия қояды. Тағдыр
деген қызық қой, бес әйелмен отасқан
Жәкеннің соңғы қосағының да аты
Бәтима болған екен. Көп ұзамай 1910
жылы Ғалымжан әжеміз де егіз ұл
туып, аттарын Досмағанбет, Махмұт
қояды.

Бәйтемірмен шамалас бір ағайыны
үйге қонаққа келіп отырғанда киіз
үйдің ішінде еңбектеп, ойлап жүрген
екі ұл мен қыз баланы көріп, “Бәйеке,
бұ дүниеден ұлсыз өтемің бе деп уай-
ымдаушы едің, тоқал тоғытқан екен
баланы” десе керек. Өлгі кісі кеткен-

КЕМЕЛ КІСІЛІКТЕРІН КӨРСЕТКЕН БӘЙТЕМІР ӘУЛЕТІНІҢ ТАҒДЫРЫ ТУРАЛЫ ҮЗІК СЫР



нен кейін көп ұзамай Ғалымжан әжей
кенеттен қадалған шаншудан қайтыс
болады. Сүйегін арнауға кірген
әйелдер “Көз тиді, екі жауырыныңың
ортасы қарайып кеткен екен” депті.

Жеңгесі Бәтима жетім қалған екі
қайынысын қызы Бибімәриямен қатар
емізіп, ана орнына ана болып, ағасы
Жәкен інілерінің ешкімнен кем болмай
ер жетіп кетуіне қамқорлық жасаған.
Сондықтан болар, Досмағанбет пен
Махмұт ағасының атын атамай “Жәке
аға” деп сыйлап, бетіне қарсы келіп
көрмепті. Арасына 12 жыл түскенде
1942 және 1954 жылдары туған екі
бірдей ұл баласын ағасының бауыры-
на салып, жас сәбидің жұпар ісіне
елтітіп, үлбіреген тәніне ернін жібітіп,
түн қараңғысында қойының жылытып,
рахат сезімге бөлендіруі - әке орынына
әке болған ағасына деген бұл өмірдегі
алғысы, тіршіліктегі құрметінің
бірегей бір көрінісі болса керек.

Бала кезінен мінезі қатты, ешкімге
кеудесін бастырмайтын өр-намыс
иесі болып қалыптасқан қайратты
Жәкенге қатарластары мен туыста-
ры “қара шаңырақ иесі” деп бетіне
көп қарсы келе бермейтін көрінеді.
Жәкен атамыздың намысшылдығына,
қатарының алды болуына екі-үш мы-
сал келтіре кеткеніміз жөн болар.

Ауыл арасындағы көкпар тарту, ба-
луан күрестеріне қатысып жүріп, 17
жасында сол қолы иығынан қиялай
жарылып, сынған екен. Үлкейген
шағында бұлтты күндері «сынған
жерім сырқырап ауырады» - дейтін
көрінеді.

Бірде жабағы қырқымы кезі бо-
лса керек, сусын ішейін деп не-
мере ағасының үйіне тақап келе
жатып, жеңгесінің енесін тілдеп,
шылапшыңға құлатқанын құлағы ша-
лып, үйге кіргенде келеңсіз жәйтты
көзі көреді. Ашуға булыққан Жәкен
қолындағы қырықтықты жеңгесінің
қарына тығып алып, ауылды бір шула-
тыпты.

Патшаның июнь жарлығынан кейін
көтеріліске шыққан Аманкелді ба-
тыр қол жинап жүріп, ауылға келеді.
Ол уақытта Сары мен Бегімбет қыз
алыса қоймаған болса керек. Сары
ағайындардан сарбаздарға мініс ат,
қоректік азық алып тұрып, Бәйтемірге
“Аға, алғашқы кезеңде Сіз сияқты ел
ағаларының қолдауы қажет. Мына
Жәкенді маған күзге дейін бере
тұрыңыз, шаруашылыққа көмектессін.
Ұлыңызды алғы шепке жібермей,
өзіңізге аман-есен қайтарамын”, - деп
алып кетеді.

Батыр ата уәдесінде тұрып, 23 жа-
сар жас жігітті қару-жарақ соғатын
ұсталарға көмекшілікке қосады. Май-
дан тарихы күтпеген оқиғаларға толы
болмай ма, Жәкен атамыздың: «Бірде
сарбаздар қоршауда қалып, оқ борап
тұрғанда қатар шауып келе жатқан
екі аттың ерінің қасынан ұстап, аяғым
жерге кейде тиіп, кейде тимей, ұрыс
алаңынан шығып, аман қалдым», -
деген екен. Батыр ағамыз уәдесінде
тұрып, Жәкенді үйіне уақытында
қайтарыпты.

Кеңес үкіметі орнағаннан кейінгі
кезеңде Жәкен көп жыл колхозда
ұста болған. «Темірден түйін түйіп,
ағаштан ою оятын шебер еді», - дейді
ол кісінің көзін көргендер. Колхоз,
аудан басшыларының күмістелген ат
әбзелдерін, жез шегемен әшекейленген
жеңіл арба, көсем атқа лайықталған
шаналарын жасап, доға иіп, есік-
терезе жасаған көрінеді. Үлкейген
шағында да қарап отырмай, ауыл-үйдің
жарылған, сынған құмандарын, ыдыс-
аяқтарын шарбып, жез шайнектерін
дәнекерлеп беретін көрінеді.

Ауыл-үйге, ағайын-туысқа
қамқорлығы мол болған адам екен.
Аштық жылдары аудан орталығындағы

халық қынадай қырылып жатқанда ба-
лаларды аман сақтап қалу мақсатында
Қостанайға баратын арнайы эк-
спедиция жасақталады. Сәбилер мен
жасөспірімдерді аман-есен қалаға
жеткізу міндеттелген ересектердің
ішінде Бәйтемірұлы Жәкен де болады.

- Бос қалған бір елді мекенге қонып
шыққаннан кейін ауылдан ұзағалы
бері қарай жағы сембей жылап
келе жатқан жас нәрестенің дауысы
естілмей қалды. Шешесінен сұрасам
үндемейді. Әйелдің өзінен сүт
шықпаған соң жылай берген аш бала-
ны жүйкесі шыдамай, тастап кеткенін
сезіп, қонған үйге қайтып барсам,
құндақтаулы баланы пештің ошағына
тастап кеткен екен. Баланы алып
барып, әлі бар әйелдерге еміздіріп,
аман-есен қалаға жеткіздік. Жергілікті
үкімет орындарының жолға деп бер-
ген азығын балалар мен емшекте
баласы бар әйелдерге үнемдеп беріп
отырғанның өзінде көптеген жас
сәбилер жолда қайтыс болды», - деп
еске алады екен жарықтық.

Мешіт салдырып, дінді уағыздаған
молданың баласы ретінде өмір бойы
қудаланған Қалиұлы Ғабдолсалық аға
қайтыс болғандағы оқиғаны баласы
Жақып ағайдың:

- Көкем қайтыс болған 1954 жылдың
көктемінде біз аудан орталығының
«Өтей» деп аталатын оңтүстік-шығыс
жағында тұратын едік. Қар еріп,
жер лайсан болып жатқан. Әкемді
Алақалдегі ата-баба қорымына
апарып қою үшін намаздағаннан
кейін, қақпақта жолға шығып
кеттік. Жокшылық кезі ғой. Кілемге
оралған әкемді астына қамыс, шөп
төселген шанаға жатқызып, кендір
жіппен таңып тастады. 14-ке келген
ересек кезім, жіп арқаннан мықтап
ұстап, бір бүйіріне мен отырдым.
Жетектің орнына тартылған арқанды
беліне ораған Жәкен әкем аттың
үстінде, көкем екеуіміз шанада, ауылға
жол тарттық. Ауылдағы туыстар
дайындалып, күтіп отыр екен, жер-
леп, келесі күні Аманкелдіге кел-
генде Торғайдың арнасынан қызыл
су жүріп кетті. Сондағы Жәкен әкем
мен Махмұт ағаның жанашырлығы
мен көмегі, кейін де жасаған
қамқорлықтары есімнен кетпейді», -
деп ризашылықпен еске алғанын та-
лай естіген едік.

Жәкеннің соңғы жамағаты Ахмет-
қызы Бәтима әжеміз - орта бойлы
денесі шағын, шапшаң қимылдайтын,
жұқа-аққұба өңді, шамалыға мой-
ымайтын, кімнен болса да тез тіл
табыса кететін мінезі ашық кісі еді.
Бала кезінен жығылған намазын,
ұстаған оразасын қаза қылмаған
Бәтима әжеміз қайыны Махмұттың
балаларына өз баласындай қарап,
тәрбиелейді. Ауданымыздың

белгілі азаматы, ел ағасы Бакытбек
Жәкенұлы Бәйтеміров бірде анасы
Бәтима әжеміз туралы «Сені бауы-
рыма алғанымда алпыс екі тамы-
рым жібіп, кеуіп кеткен емшегімнен
сүт шығып еді», - дейтін. Сонда
қызық көрген Хамитбек те әжесінің
емшегіне ұмтылатын көрінеді. Ауыл
аймаққа «Ақ әже» атанған марқұм
(жаны жәннатта болсын) көрші-
көлемге, ағайын-туысқа қолы ашық,
мейірім-шапағаты мол, дастарханы
кең жан еді. Қолынан талай рет дәм
татып едік. Марқұм сондай ізгі, ина-
батты, аяулы жан еді.

Бірде белгілі әнші Ордабайұлы
Сайлау әйелі Отаркүлмен
Бакытбектің үйіне келгенде Бәтима
әжесінің көрпе төсеп, дастархан
жайып, жедел қимылдап жүргенін
көріп, ыңғайсызданып: «Әже,
несіне жүгіріп жүрсіз, отырыңыз,
келінің істейді ғой, - дегенде әжесі:
«Шырағым, Сайлау, жетпіске келген
менің бұл жүгірісімің артында ама-
нат бар: ертең Бакытбегім үйлеріне
барғанда сендер де осылай құрақ
ұшып, қызмет көрсетсін дегенім емес
пе?!», - деп жауап қайтарыпты. Сонда
Сәкен марқұм «Әй, Отаркүл, естідің
бе?!» деген екен қарқылдап, қатты
күліп.

Арбаның алдыңғы доңғалағы қалай
жүрсе, артқылары да соған ілесетіні
сияқты ағасының жетелеуімен
Досмағанбет пен Махмұт та жұмысқа
ерінбейтін икемділігімен жасы-
нан көзге түседі. Екеуі 1920-1924
жылдары Торғай қаласындағы
Ыбырай мектебінің 4 сыныбын
бітірген. Махмұт еңбек жолын 1924
жылы ауылдағы серіктестіктің
есепшілігінен бастап, 30-шы
жылдардың бас кезінде аудандық
атқару комитетіне қызметке ауысады.

Осылай белсенді жұмыс атқара
жүріп, Қостанай медициналық техни-
кумын фельдшер-акушер мамандығы
бойынша бітіріп, Аманкелді аудандық
ауруханасына жолдамамен келген
Сағиламен көңіл жарастырып, отба-
шы құрады. Қала салтымен ақ кофта,
юбка, туфли киген, бой-басын үнемі
жинақы ұстап жүретін, орта бойлы,
қараторы, сүйкімді қызға қызықпау
мүмкін емес-ті. Сырбаз киініп, сыпай
сөйлейтін, ауданда беделді қызмет
атқаратын, жұқа аққұба өңді жайда-
ры жігітті Сағила да ұнатып қалады.
Сөйтіп, анасы ертерек қайтыс бо-

лып кеткен, қарапайым қолхозшы
Қарабалық Ақтан деген кісінің қызы
Қостанайдың оңтүстік шалғайындағы
Аманкелдіге Бәйтемір әулетіне келін
болып түседі...

Махмұт 1932 жылы ұлы жазу-
шы Ғабит Мүсірепов бастап кел-
ген республикалық комиссияның
құрамында халықты аштықтан
құтқару жұмысына белсене ара-
ласады. Үлкендерге қызмет жасай
жүріп, еліміздің саяси, мәдени,
әдеби өміріндегі жаңалықтар ту-
ралы ретімен айтылған ұлағатты
әңгімелерін зердесіне тоқып, тәрбие
алады, дәм-тұзы таусылмаған
жерлерінің ажал қармағынан аман
қалуына өзіндік үлес қосады. «Бір күн
дәмдес болғанға - қырық күн сәлем»
беру қағидасын ұстанған жас отбасы
жақсының шарапаты тисін деп 1934
жылы туған тұңғыш ұлдарының атын
Ғабит қойған екен.

Оқығандар санының санаулы бо-
луынан да шығар, ол уақытта тех-
никум бітірген адам үлкен білім иесі
ретінде басшылардың тарапынан да,
халықтың ортасында да құрметке, зор
сенімге ие болатын. Жергілікті үкімет
орындары ашаршылықтан кейін та-
нытып қалған елдің есін жигызып,
сауатын ашу мақсатында «Қызыл
отау» атауымен ұйымдастырылған
жұмысшы-шаруалар мектебіне
комсомолдық тапсырма ретінде
Сағиланы мұғалім етіп жібереді.
Орманы мен орысы көп Қостанайға
жақын орналасқан Қарабалықта туып,
өсіп, қалада оқып білім алған жас қыз
ана тілімен қатар орысшаға да жетік
болатын. Осы қасиеттері оны “Қызыл
отаудың” белсенді мүшесі болуы-
на итермелейді. Сағила Ақтанқызы
жергілікті тұрғындарды қолданысқа
кейін қосылған латын әліпбиінің
негізінде жазу-сызуға үйретумен
қатар халық арасында медициналық
санитарлық-ағарту жұмыстарын да
белсенді жүргізеді. Ол кісі туралы:

- Сағила жеңгей жасында орысша
оқып, фельдшер-акушерлік мамандық
алған. Ауыл аймағына ғана емес, алыс-
жақын ру-тайпалардың бәріне ерек-
ше іскерлігімен танылған қайраткер
әйел еді. Өзінің сүйікті жұбайын
ақтап шығару үшін Қостанай мен
Торғай арасына күре жол салып, та-
лай мекеннің табалдырығын тоз-
дырды. Құқық қорғау органдары
басшыларының мазасын кетіруден
бірталай оқу-білімнің арқасында
бірталай ел адамдарының әртүрлі
қызмет атқарғанын, ал өзінің ел ба-
сына нәубет түскен жылдары колхоз
төрағасы болып қызмет істегенін жа-
зыпты. Біреуге жасаған жақсылығың
ұмытылмайды деген осы.

(Жалғасы 5-бетте)

Суреттерде: (солдан оңға қарай) Жәкен-Бәтима
Бәйтеміровтер; Махмұт баласы Өмір және алғашқы зайы-
бы Сағила Ақтанқызымен бірге 1947ж., Махмұт, Хами және
оң жақ шетте тұрған Досмағанбет Бәйтеміровтер, үшінші
тұрған Бұзаубек Бәйімбетов, төртінші отырған сол кезде
аудандық білім бөлімінің басшысы болған азамат 1938 ж.

КЕМЕЛ КІСІЛІКТЕРІН КӨРСЕТКЕН БӘЙТЕМІР ӘУЛЕТІНІҢ ТАҒДЫРЫ ТУРАЛЫ ҮЗІК СЫР

Құдай қосқан қосағымен көңілі жарасып, сол кездегі өмірдің қызық-қуанышы мен қиыншылықтарын қатар көре жүріп, 13 құрсақ көтерген Сағила жеңгей 1957 жылдың қаңтарында 44 жасында өкпе ауруынан қайтыс болады. Жердің қашықтығы, қыс жағдайының қиындығына байланысты өзінің туған жері Қостанай қаласының Татарская слободка қорымына (қазіргі Нариман базарының жанында) жерленген.

Сағила жеңгейден туған балалар:
1. Ғабит - (10.03.1934 – 1939)
2. Есламғали - (21.07.1935 – 21.07.1935)
3. Күлжихан - (22.08.1936 – 1940)
4. Аманкелді - (10.07.1938 – 1939)
5. Самрат - (5.05 – 29.06.1941 ж.)
6. Өмір - (15.X.1942 – 1965.X.)
7. Жеңіс - (1945 жылы туып, қайтқан)
8. Мәрияш - (31.06.1944 – 1947)
9. Рәш - (25.04.1946 – 1947)
10-11. Хамитбек, Жәнібек егіз.
(Жәнібек 28.02. - 29.04. 1949 ж.)
12. Жарас - (12.XI.1950 – 1952),
13. Бакытбек - 01.02.1954 ж.

Махмұт ағаның құдай қосқан кейінгі қосағы Аралбайқызы Күләйім жеңгейден 9 ер бала туған. Олар:
1. Мақсұтбек - (12.04.1958 – 29.12.2005). Екі ұлы, екі қызы бар.
2. Әлібек - (22.XI.1959 – 25.01.1961)
3. Сәбитбек - (31.05. - 20.XII.1961 ж.)
4. Өмір - 1962 жылы туған Астанада тұрады. Екі қызы бар
5. Танапқан - 1964 жылы туған, Шортандыда тұрады. Екі ұл, бір қызы бар.
6. Орынбасар - 1966 жылы туған. Астанада тұрады, бір ұл, бір қызы бар.
7. Қаламбай (Қален) - 1968 жылы туған. Бір ұл, бір қызы бар. Астанада тұрады.
8.9. Хасен, Құсайын (егіз бала 1970 жылы туып, қайтыс болған).

Жазмыштың жазуы солай болған шығар, содан бүгінге жеткендері алты бала.

2

37-нің нәубеті Бәйтемір балаларын да айналып өтпейді. Махмұт 1938 жылдың маусым айында аудандық атқару комитетінің бөлім меңгерушісі болып қызмет істеп жүрген кезінде «Үштіктің» қаулысымен «Жанон жансыз» деген жаламен жазықсыз сотталып, Қиыр шығысқа айдалып кете барады. Осыбір кезеңде Маханның егізінің сыңары Досмағанбет те «Халық жауы» ретінде ұсталды.

Ол уақытта жау сырттан келмейді екен. Жауап алу сойқанында жаны қиналған байғұстар, осының жобасы келеді-ау деген жерлестерін көрсетіп, түрмеге тоғытылуына себепші болады. Күндіз-түні азаптау арқылы алынған жауаптан қалжыраған бір жездесі қамақ үйдің терезесінен ақ костюм, ақ шалбар киіп, қызметіне бара жатқан Маханды көзі шалып қалып, ойына ой түсіп, тергеушіге: «Шынымды айтпасқа қоймадың. Ондай жиналыстың болғаны рас. Жиналысты басқарған шаруашылық төрағасы Құдабаев Молдаш, протоколын жүргізіп отырған Бәйтеміров Махмұт. Жапонның саясатын қолдап қаулы қабылданды. Пәлен адам қатысты «- деп ағайындарын мұрнынан тізіп берген ғой марқұм.

Қиыр Шығыста екеуі ағаш дайындаушылар бригадасында бірге болған екен. Қазақша-орысша сауаты бар Махаң бригадир болып тағайындалып, күнде бірнеше адам майып болып, талайсыз жандар шәһит болып жатқан ортада жерлестерінің аман-сау жүруіне қамқорлық жасаса керек. Аштықта жеген құйқаның ауыздан дәмі кетпес деген, елге келгеннен кейін екеуі қашан бұл дүниеден өтіп кеткенше қатты сыйласты.

Махаң сотталғаннан кейін әйелі Сағила Қостанай қаласындағы ақ түрме кеңсесіне іс жүргізуші хатшы болып қызметке орналасып, күйеуінің негізсіз айыпталғанын айтып, көп ізденеді. Іздену арыздары болшыевиктер партиясының Орталық Комитетіне, Бүкілодақтық Атқару Комитетінің Президиумына дейін жіберіледі. Талай жерде мандайы тасқа тисе де қайтпай, талай ізденудің, сауатты жазылған арыз-шағымдардың нәтижесінде Бүкілодақтық староста аталған М.Калининнің нұсқауына сәйкес 1940 жылдың қазан айында Махаң елге оралады.

Осы орайда халқымыздың «Ит жеті қазынаның бірі», «Алыс пен жақынды ит пен бала біледі» деген мақалдар еріксіз еске түседі. Ежелден адамға жақын, тілеулес



марапаттауларға ие болады, Москвада өткен кооператорлардың Бүкілодақтық конференциясына делегат болып қатысып, үлкен абырой иесі атанды.

Досмағанбеттің енді келмейтініне көздері жеткен соң келіндерінің болашағын ойлаған қайнағалары рұқсат бергеннен кейін Катима тұрмысқа шығып, Болат есімді ұл туады. Зейнетке шыққаннан кейін немерелерін көріп, баласының қолында қайтыс болды.

Маханның отбасы 1940 жылдардың басынан бастап 1960 жылы Қостанай комсомолы ауылдық кеңесінің төрағалығына сайланғанша Аманкелді селосының Жанкелдин көшесіндегі нөмірі 55-ші үйде ағасы Жәкеннің отбасымен бірге тұрған.

Құрылыс материалдарының тапшылығынан болса керек,



тұрғызылған үйдің бір қабырғасын пайдаланып, екінші үй салына беретін. Осы әдіспен далаға шығар есік батысқа, терезелері күншығысқа қараған тоғыз үй қатар орналасқан еді. Саманнан салынған жаппа үйлердің төр бөлмесінің терезесі ғана сыртқа шығатын, қалған неше бөлме болса да терезелері төбеге шығатын. Маханның төрті бөлмесіне кіру үшін сегіз есіктен өту керек болатын. Бүйірінде басқа үй болғандықтан отбасы мүшелерінің саны көбейген сайын шыға беріс есіктен әрі тағы бір бөлме салынып жалғаса беретін.

Бәйтеміровтердің өз жандары онан асатынына қарамастан, әртүрлі себептермен аудан орталығына қоныс аударған туыстары Қазыбайұлы Жәкен, жөңгелері Балымсары мен Айған балалары Мәрден, Танатқанмен бірге тұрды. Махаң осы ағайын-туыстардың ересектерінің құжаттанып, жұмысқа орналасуына көмектесіп, балаларының өз балаларынан кем болмай, жақсы оқып, қалыпты тәрбие алуына жағдай жасады. Мысалы: Мырзахметов Мәрден - Талғардағы ауыл шаруашылық техникумында оқып, агроном мамандығын алды. Еңбек жолын комсомол жұмысынан бастап, қашан зейнетке шыққанша партия-совет қызметтерін аброймен атқарып, елге сыйлы болды. Ал Танатқан Ордабаев Алматының халық шаруашылығы институтын экономист мамандығы бойынша бітіріп, Торғай облыстық партия комитетінің бас есепшісі, Жезқазған облыстық салық басқармасының бастығы, еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін Ұлттық банктің тексеру басқармасының бастығы қызметтерін атқарып, абыройлы зейнетке шықты.

Жәкен ата мен Бөтима әжеңің, Махмұт аға мен Сағила жеңгейдің, кейінгі Құлай апамыздың аялы алақанының жылуын, қамқорлық жанашырлығын осы үйде жатып аудан орталығындағы орта мектепте оқып, білім алған Қатия (көп жыл ішкі істер саласында қызмет істеп, полковник дәрежесінде зейнетке шыққан. Алматы қаласында тұрады. Мәтер апайлардың баласы Ғазез, балуан Танатқанның қызы Қарашаш құдаша, Бибіәрия апа балалары Башарин, Күләйша, Қайша, Бибіғайша, Төкен ағайдың балалары Сәлима, Амантай, нағашыларының балалары Бөкенбай, Кенжекей, торғайлық бөлесі Биахмет баласы Маңыбай деген қыз-жігіттер көріп, сезінген. Бұл кісілер сол кездегі үлкендердің жанашырлығын,

жәндіктердің бірі ит болғандығын Маханның басынан өткен мына бір оқиға дәлелдей түсетіндей. Күшігінен асыраған Құтжол атты иті, иесі Қостанайға айдалғанда ат-арбаның қарасы үзілгенше ұзатып салып, екі жылдан кейін елге оралғанда, «Қостанайдың күре жолында ауылдан он екі шақырым - Сүліктің тұсынан қарсы алып, аяғына оралып, арсалаңдап секіріп, кеудесіне басын сүйіп, қыңсылағанда ет жақын бауырымызды көргендей еріксіз көзімізге жас келді» - деп айтып отырады екен жарықтық.

Жақындардың өзінен жанашырлық жойылған қиын кезеңде иттің бұл қылығы туралы айтылған әңгіме ауыл тұрғындарын қатты тебіренітіп, отбасы мүшелеріне әсер еткендігі соншалықты - кейінгі асыраған иттердің барлығының аты Құтжол болған екен.

3

Жазықсыз жазаланғандардың заңды түрде ақталуы 1998 жылы тамыз айында Қостанай облыстық сотының қаулысымен жүзеге асырылды. Аманкелді ауданы бойынша сол жылдары жазықсыз атылғандарды есептемегенде, сотталып, елге аман оралып, ұрпақ шашып, туған жерден топырақ бұйырғандардың саны екі жүздің сыртында екен. Сол жылдары кінәсіз жазаланғандардың қатарында Маханның егізінің сыңары, алғашында мұғалім, кейін Таран ауданында басқарма болып қызмет істеп жүргенде соғысқа алынып, 1943 жылы Ленинград түбінде қаза болған Досмағанбет, «Халық жауы» ретінде ұсталып, атылып кеткен Кенжеахметұлы Мырзахмет, кейін елге келгеннен кейін ұрпақ өсіріп, көп жыл басшылық қызмет атқарған, күсбегі-атбегілігімен аты шыққан Қуанышбайұлы Ордабай сияқты жақын туыстары да болды.

Махаң туралы құрдасы Тайжан Батырбеков марқұм: «Қазаққа жақсыға сөз ереді... деген мәтел бар, дегенмен сөздің бәрі бірдей емес. Оның жақсысы да, жаманы сөз өмір жолында ешқашан естілмеген. Оған мынандай бір мысалды айтуды өзімнің парызым деп білемін. Қостанай облысының онтүстік шетіндегі Аманкелді ауданында аузынан айдаһардай ысқырған зәрлі сөз, басынан шоқпар кетпейтін аудандық тұтынушылар одағы деген сауда мекемесі болды. Мұнда жұмыс істегендер «ішіп қойды, жеп қойды, қоғам мүлкін талан-таражға салды» деген бұлтартпас фактілермен айыпталып келіп 4 – 5, көбі 8 – 10 жылға сотталып, кете баратын. Шынын айтқанда мұндай сауда мекемесін

өздеріне жасаған қамқорлығын осы күнге дейін сағынышпен айтып, еске алып отыратын.

Бесаспап басшы, сауда саласында да, коммуналдық шаруашылықта да, құрылыс саласында да ерекше көзге түсіп, қай салада еңбек етпесін сол саланың жұмысын ұршықша үйірген Махмұт ақсақалдың 1941-1970 жылдар аралығында алған мемлекеттік марапаттаулары (медальдары мен түрлі деңгейдегі грамоталары) оның іскерлігі мен азаматтығына айқын дәлел. 30 жылдан астам уақыт ішінде ол бірнеше рет ауылдық, аудандық, облыстық деңгейдегі өкілетті басқару органдары – еңбекші депутаттары Кеңестерінің депутаттығына сайланып отырған.

Махмұт Бәйтемірұлы - 1972 жылы 25 наурызда Науырзым ауданы Қостанай комсомолы ауылдық кеңесінде қызмет істеп жүргенде қайтыс болып, Аманкелдіге әкелініп жерленді. Маханның отбасы 1972 жылы наурыз айында, өзі қайтыс болғаннан кейін Аманкелдіге көшіп келіп, ағайынды екі кісінің отбасы тағы да бірге өмір кешті. 15 жылдай татутәтті өмір сүрген Махаң мен Күләй апайдан 9 ұл туады. Солардың 5-уі жарық өмірмен ерте қоштасып, 4-уі қазір Астана қаласы мен Шортанды ауданында ұл-қыздарын тәрбиелеп, тұрып жатыр. Бұл кісі отбасының тұрмысын қадағалап, негізінен үйдегі балалардың тәрбиесімен айналысты. Бүгінде жасы 80-нен асқан шағында шөберелерінің қолынан су ішіп, балаларының ортасында Астана қаласында тұрады.

“Орнында бар оңалар” дегендей, Маханның Хамитбегі ержетіп, Торғай өңірі тумаларынан шыққан алғашқы нейрохирург атанып, 20 жылдай Торғай облыстық ауруханасының нейрохирургия бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарып жүріп, мыңдаған адамдардың омыртқа-жұлыны мен бас сүйегіне ота жасап, ажалдан аман қалуына себепші болды (Оған мысалдарды көптеп келтіруге болады). Астана Медицина Академиясының доценті, нейрохирургия саласындағы диагноз қою, емдеу, ота жасау әдістемесіне арналған қазақ тіліндегі ондаған ғылыми мақалалар, брошюралардың авторы, медицина ғылымының кандидаты. Астана қаласындағы республикалық нейрохирургия орталығында қызмет жасап жүріп зейнеткерлікке шықты. Әйелі Майраш Шотпайқызы да ұзақ жылдар бойы дәрігер-терапевт болып қызмет істеген. Зейнетке шықса да екеуі де қолдары шипалы, тәжірибелі маман ретінде дәрігерлік қызметтерін жалғастырып жүр. Балаларымен Астанада тұрады.

Ал Бакытбек Жәкенұлы болса - 1954 жылы туған. Мамандығы педагог: орыс тілі, әдебиетінің және тарих пен қоғамдық білім негіздері пәндерінің мұғалімі. Мектепті бітіргеннен кейін Аманкелді аудандық газеті редакциясында аудармашы, әдеби қызметкер, газет редакторының орынбасары, аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, совхоз партия комитетінің хатшысы, ауылдық кеңестің төрағасы, ауыл әкімі қызметтерін атқара келіп, коммунистік партия тарап, кеңес өкіметі құлағаннан кейін 1994 жылдан осы уақытқа дейін ауданымыздағы Н.Мейірманов атындағы жалпы бөлім беретін орта мектептің директоры қызметін атқарып келді. Балаларымен туған ауданында тұрады.

1942 жылы туған Өмір - жастай сырқат болып, орта мектепті бітіргеннен кейін 1965 жылы қайтыс болып, Алматы қаласында, Кеңсайда жерленді. 1958 жылы туған Мақсұтбек - 2005 жылы Степняк ауылында электрік болып қызмет істеп жүргенде жүрек талмасынан қайтыс болды. Екі қызы, екі ұлы бар. Отбасы Астана қаласында тұрады. Өмір, Танатқан, Орынбасар, Қален - отбасыларымен Астанада тұрып, жұмыс істейді. Ержеткен балалары бар.

Кезінде ауданымызды өркендетуге зор үлес қосқан асыл азамат, ел ағасы, көреген басшы, соғыс жылдарында тылда ерен еңбек еткен, одан кейін де басшы қызметте болып, жұртына жанашырлықпен қызмет жасаған Махмұт Бәйтемірұлының туғанына 105 жыл толуына орай осы көктеме балалары марқұм болған аталары мен әкелеріне, аналарына арнайы құран бағыштатып, ас бермекші. Оқытатын дұғалары қабыл болғай!

Хамитбек МҰСАБАЕВ,
Жазушылар және Журналистер Одақтарының мүшесі,
Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері.

Суреттерде: Махмұт кейінгі зайыбы Күләймен; төменгі қатарда баласы Хамитбек Махмұтұлы, інісі Бакытбек Жәкенұлы және баласы марқұм Мақсұтбек Махмұтұлы.



Хабарландыру

Ауыл шаруашылығы тауарөндірушілерінің, жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың назарына

«Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ үстіміздегі жылы төмендегідей бағдарламалар бойынша несиелендіру жұмыстарын жүргізуде: «Егінжай», «Кәсіпкер», «Мұрабаха», «Ырыс», «Сүт қабылдау пункттерін құру және дамыту», «Тамшылатып суару жүйелерін енгізу».

Бағдарламалар бойынша несиелеу шарттары төмендегідей:

«Егінжай» бағдарламасы:

Бағдарламаның мақсаты: ауыл шаруашылығы құрылымдарын (жеке және заңды тұлғалар) көктемгі дала жұмыстары мен егін жинау жұмыстарын өткізуді несиелеу.

Бір қарыз алушыға берілетін несиенің жоғары көлемі 6,0 млн. төменгі көлемі 1,0 млн. теңге.

Сыйақы ставкасы жылдық 9,5 пайыз. Қаржыландыру мерзімі-18 айдан ұзақ емес, мал азығындық дақылдар өсірген жағдайда 36 айдан ұзақ емес.

«Кәсіпкер» бағдарламасы:

Бағдарламаның мақсаты: ауылдық жерлерде кәсіпкерлік қызметті жүргізуші жеке және заңды тұлғаларға несиелендіру арқылы дамуға көмектесу.

Бір әлеуетті қарыз алушыға берілетін несиенің жоғары көлемі 8000 айлық есептік көрсеткіш көлеміне дейін, төменгі көлемі 500,0 мың теңге.

Сыйақы көлемі жылдық 14 пайыз. Қаржыландыру мерзімі-60 айдан ұзақ емес, айналымдық капитал көлемін ұлғайтуға 24 айдан ұзақ емес.

«Мұрабаха» бағдарламасы:

Бағдарламаның мақсаты: ауылдық жерлерде кәсіпкерлік-пен айналысушы ауыл тұрғындарын, шаруа және фермерлік қожалықтарды, жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға олардың берген сұраныстарына сәйкес негізгі қорларды сатып алу және қарыз алушыға ұзартылған мерзімге сату.

Бір қарыз алушыға берілетін несиенің көлемі жобаны қаржыландыру жөнінде несиелендіру комитеті оң шешім қабылдаған уақыттағы Ұлттық банкі белгілеген айырбас курсына сәйкес 33,0 мың АҚШ долларына дейін.

Сыйақы көлемі жылдық 11,0 пайыз. Қаржыландыру мерзімі - 48 айдан ұзақ емес. Қарызды қайтару жиілігі: негізгі қарыз бен сыйақы бір мезгілде жүргізіледі, қарызды несиелендірі мерзімінің ішінде ішінара немесе толық көлемде алдын

Негізгі қарыз бен сыйақыны қайтаруда жеңілдік жасалатын мерзім: 12 айға дейін.

«Ырыс» бағдарламасы:

Бағдарламаның мақсаты жеке немесе заңды тұлғалар 50 және 100 бастық асыл тұқымды аналық ірі қара ұстайтын тауарлы сүт фермаларын құру және дамыту.

Несие сүтті бағыттағы асыл тұқымды аналық ірі қара мен қажетті техникалар мен құрылғылар сатып алу үшін беріледі.

Бір қарыз алушыға берілетін несиенің көлемі 60 млн. теңгеге дейін.

Сыйақы көлемі жылдық субсидиялауды есепке алғанда жылдық 4,0 пайыз. Субсидиялаусыз жылдық сыйақы көлемі жылдық 11,0 пайыз.

Қаржыландыру мерзімі-84 айдан ұзақ емес.

Қарызды қайтару жиілігі: негізгі қарыз бен сыйақы бір мезгілде жүргізіледі, қарызды несиелендірі мерзімінің ішінде ішінара немесе толық көлемде алдын ала қайтару мүмкіндігімен ай сайын/тоқсан сайын/жарты жылда бір рет, жылына бір рет.

Негізгі қарыз бен сыйақыны қайтаруда жеңілдік жасалатын мерзім: 12 айға дейін.

«Сүт қабылдау пункттерін құру және дамыту» бағдарламасына шаруа қожалықтары, фермерлік қожалықтар мен ауылдық жерлерде кәсіп жүргізуші жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар қатыса алады.

Несие сүт қабылдау пункттерін құруға қажетті техникалар мен құрылғылар сатып алуға және айналым капиталын толықтыруға беріледі.

Бір қарыз алушыға берілетін несиенің көлемі 14,8 млн. теңгеге дейін.

Сыйақы көлемі субсидиялауды есепке алғанда жылдық 4,0 пайыз. Субсидиялаусыз жылдық сыйақы көлемі 11,0 пайыз.

Қаржыландыру мерзімі сүт қабылдау пункттерін құруға қажетті техникалар мен құрылғылар сатып алуға - 48 айдан ұзақ емес, айналым капиталын толықтыруға 24 айдан ұзақ емес.

Қамтамасыз етілуі - сатуға қабілетті жыл-жымайтын және жылжытын мүлік.

Жобаға қойылатын негізгі талап:

- тек жаңа техника мен құрылғылар сатып алу;

- сүт қабылдау пунктін ашатын орынның немесе қаражатының болуы;

- дайындалған сүтті қабылдауға қайта өңдеу кәсіпорындарымен жасалған шарттың болуы.

«Тамшылатып суару жүйелерін енгізу»:

мақсат: халық шығармашылығы көркемөнерпаздар ұжымдарының жұмыстарын жандандыру, мекеме, мектеп және ауыл өнерпаздарының шеберлігін шыңдау, талантты жастарға қолдау көрсету. Бағдарламаның негізгі мазмұны Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл, Ұлы Жеңіске 70 жыл және Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 20 жыл толуына байланысты болды.

Байқауға аудан орталығындағы мектептер мен мекемелер ұжымдары қатысты. Атап айтқанда: Амангелді орта мектебі, Ы.Алтынсарин орта мектебі, Ә.Боранбаев орта мектебі, «Қаламқас» балабақшасы, «Балдырған» балабақшасы, «Жұпар» балабақшасы және орталық аурухана ұжымы. Өнерпаздар байқау ережесіне сәйкес төмендегідей талаптар бойынша бағаланды: аспаптық жанр; вокал; көркем сөз жанры; хореография; ерекше жанр; сахналық қойылым; хор орындаушылық. Байқауға қатысушылар жоғары деңгейде өнер көрсетіп, үздік деп танылған номерлер гала концертке іріктеліп алынды.

Халық шығармашылығы көркемөнерпаздар фестивалі барлық ауыл, ауылдық округтерде де өз жалғасын тапты.

Б.ТЕМІРБАЙ

Суретте: байқаудан көрініс.

Ұлы Жеңіс жаңғырығы

ЖЕҢІС ТУЫ, ЖЕЛБІРЕ!



Қ.Әбенев атындағы Мәдениет үйінде «Жеңістің туы желбіре!» атты ХХІХ облыстық халық шығармашылығы көркемөнерпаздар фестивалінің аудандық байқауы өтті. Байқауды өткізудегі

ЕСКЕ АЛУ

«Әке» деген қандай құдіретті ұлы сөз?! Осы бір үш әріп тұңғығында қаншама әкеге деген сағыныш, махаббат жатыр. Әке - асқар тау!....

Мен әкемді «көкем» деуші едім. Маған «көке»деп атаған әке дегеннен де ыстық көрінуші еді. Уайымсыз,



Ұлым деп қадірлеп өсірген, Қателігімді әр кез кешірген Асқар таудай менің әкешім Бақилық болдың өмірден.

Алла салды басымызға сынақты, Сені алып, жүрегімді жылатты, Қайтпек керек тағдырдың қатал сынына Жігерімді мұқатып, жығып, құлатты.

«Арманым» деп еркелетіп жасымнан, Мейірлене иіскейтін ең басымнан, Асқар таудай тіреу болған әкешім Кете бардың үнсіз ғана қасымнан.

Күнiрендi, Көк аспан да сол күнi, Тымырайып, томсырады Көк жүзi, Терен ойға шомылған сол күн райы Сенiң тұйық мiнезiңдi сездiм.

40 күн болды Асқар тауым құлағалы, 40 күн болды Ақ маманның жығалғалы, Сағынышпен еске алғанда өзiңдi Жүрегімiз әке деп соғады.

Өмiрде ешкiм мәңгi емес, ертелi-кеш кетедi, Өзiңдi ойлап, ақ маманның жасқа толды етегi, «Алдың пейiш, артың кенiш болсаң!»- деп Артыңда қалған апты балаң, бiр Алладан тiлейдi!

Еске алушылар: жұбайы Бәтима, ұлы Арман, қыздары, күйеубалалары, жиен немерелері, туған-туыстары.

2015 жылдың II тоқсанында Аманкелді аудандық мәслихатының аппаратында жеке және заңды тұлғаларды қабылдау К Е С Т Е С І

Қабылдауды жүргізетін адамның тегі, аты-жөні	Қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Қабылдау күні мен уақыты	Байланыс телефоны
Саматов Әділ Қабырғашұлы	Аудандық мәслихат хатшысы	әр аптаның сейсенбі күні сағ.15 ⁰⁰ – 17 ⁰⁰ дейін	21-6-00
Әлшорин Сейдағалым Шіменбайұлы	Аппарат басшысы	әр аптаның бейсенбі күні сағ.15 ⁰⁰ – 17 ⁰⁰ дейін	21-5-31
Аудандық мәслихат аппаратының мекен-жайы: Аманкелді селосы, Б.Майлин көшесі, 14 үй. 2 қабат. Тел/факс: 8 (71440) 21531; 22015 СЕҢІМ ТЕЛЕФОНЫ: 21-5-31			

Болат Әуезханұлы НАҚАНОВ

Даңқты халық батыры Аманкелді ата елі ауыр қазаға душар болды. 2015 жылдың 18 наурызы күні ұзаққа созылған ауыр науқастан ауданымыздың ардақты азаматы, ел ағасы, зейнеткер Болат Әуезханұлы Наканов дүниеден өтті.

Б.Ә.Наканов – 1950 жылы 13 қыркүйекте аудан орталығы Аманкелді селосында өмірге келді. 1967 жылы С.М.Киров атындағы орыс орта мектебін бітірді.

Еңбек жолын сол 1967 жылдың шілдесінен жұмысшы болып бастады. 1968 жылдың шілдесіне дейін аудандық Казсельхозтехника бірлестігінде жұмысшы болып еңбек етті. 1968-1969 жылдар аралығында Целиноград машина-техникалық техникумында, 1969 -1975 жылдар аралығында Целиноград инженерлік құрылыс институтында оқыды. Мамандығы – инженер-құрылысшы.

1975-1978 жылдар аралығында Аманкелді аудандық ауылшаруашылығы басқармасында аға инженер, 1978-1981 жылдар аралығында республикамыздың Семей облысындағы әйгілі Курчатов қаласында әскери қызметте болды. 1981-1986 жылдар аралығында аудандық ауылшаруашылығы басқармасында бас инженер, 1986-1989 жылдар аралығында аудандық агроөнеркәсіп бірлестігі төрағасының күрделі құрылыс және қалпына келтіру мәселелері жөніндегі орынбасары болып қызмет жасады.

1989-1992 жылдар аралығында халық депутаттары аудандық кеңесі атқару комитеті төрағасының орынбасары, 1992-1998 жылдар аралығында аудан әкімінің орынбасары болып қызмет атқарды. 1998-1999 жылдар аралығында аудан әкімі болып жемісті қызмет жасады.

Болат Әуезханұлы - кішіпейіл, елгезек, өзіне жүктелген міндетті абыроймен орындайтын іскер маман, ұжымда сыйлы азамат болды. Қай қызметті атқарса да табысты жұмыс жасады. Ол бірнеше рет аудандық кеңестің депутаты болып сайланды.

Б.Ә.Наканов үлгілі отбасы иесі болды. Зайыбы Мәншүк Ганиқызы екеуі 3 бала тәрбиелеп, өсірді. Балаларының бәрі өз алдына отау құрып, әртүрлі мемлекеттік жауапты қызметтерді жемісті атқаруда.

Болат Әуезханұлы – Аманкелді батыр елін өркендетуге зор үлес қосқан басшылардың бірі. Ол 1993 жылы ауданымызда 100 үй құрылысын салудың басы-қасында болды, басшылық жасады. Ол - жаны жайсаң, мінезге бай, қарапайым да қадірлі азамат болды. Оның жарқын бейнесі туған ауданы халқының және біздің есімізде ұзақ сақталады.

Марқұмның отбасына, ағайын-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Ж.Қ.Таукенов, Ә.Қ.Саматов, Т.Т.Карбозов, С.У.Хайруллин, М.Д.Қаласов, К.У.Келделбаев, Х.Қ.Мұсабаев, М.С.Дихамбаев, Е.Ж.Дауылбай, М.М.Тобағабылов, Р.С.Есмағанбетов, М.Сейткамалов, Н.М.Қойшығұлов, Т.Ж.Ержан, З.Сейдин, Ғ.Жүнісов, Б.Нүрсейітов, Б.Құдықов, Б.Уахитов, С.Жәнділдин, Ж.Махатов, Ж.Әмірхамзин, Қ.Серікбаев, С.Тасмағанбетов, Б.Жұбатқанов, Б.Олжағұлов.

Жетпісбай ДАУЫЛБАЙҰЛЫ

2015 жылдың 17 наурызы күні ұзаққа созылған ауыр науқастан тыл және еңбек ардагері, аудан қаржы саласының білікті аға буын мамандарының бірі болған Жетпісбай Дауылбайұлы қайтыс болды.

Ол - 1929 жылы 21 желтоқсанда Жалдама өзенінің жағасындағы қыстақта шаруа Дауылбай Ержанұлы мен белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, Бүкілодақтық Атқару комитетінің және Қазақ ССР Орталық Атқару комитетінің мүшесі болған Шөкен (шын аты Рәпия, әкесінің аты Жанғұла) Дауылбаеваның отбасында өмірге келген.

Жетіжылдық мектепті Үрпек елді мекенінде аяқтап, еңбек жолын аудандық партия комитетінде есепші болып бастаған. 1946 жылы отбасын құрған. 1949 жылы Алматы қаржы техникумына оқуға түсіп, оны 1952 жылы аяқтап, келіп, Аманкелді аудандық қаржы бөлімінде қаржы инспекторынан бас есепшіге дейін қызмет жасап, 1989 жылы зейнеткерлікке шыққан.

Ол өз мамандығын жете меңгерген, есеп қызметінің шеберлерінің бірі болды. Жұмсақ мінезді, барынша жуас Жетек өзіннен кейінгі жас есеп қызметкерлерінің бірнеше буынына ұлағатты ұстаз, тағлымды тәлімгер бола білді. Олардың бухгалтерлік есеп жұмысының қыр-сырын меңгеруге үйретті.

Жетпісбай Дауылбайұлы бірқалыпты, біртоға, сөз-кепке жоқ, өзіне тапсырылған істі ғана білетін кісі еді. Қызмет еткен ұжымында абыройға бөленді. Құрметті болды.

Отбасында екі ұлды тәрбиелеп, өсіріп, немере-шөберелер көрді. Оның жарқын бейнесі жерлестерінің және біздің есімізде ұзақ уақыт сақталады.

Марқұмның отбасына, бала-шағасына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Бір топ жолдастары.



ҚАУЛЫ ЖОБАСЫ		
Коммуналдық мүлікті иеліктен айыру түрлерін таңдау жөніндегі критерийлерді айқындау туралы		
«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы №920 «Жекешелендіру объектілерін сату қағидасын бекіту туралы» қаулысына сәйкес, Амангелді ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ: 1. Коммуналдық мүлікті иеліктен айыру түрлерін таңдау жөніндегі критерийлер осы қаулының қосымшасына сәйкес аныкталсын. 2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.		
Аудан әкімі		Ж.Таукенов
Амангелді ауданы әкімдігінің 2015 жылғы «__» _____ №__ қаулысына қосымша		
Коммуналдық мүлікті иеліктен айыру түрлерін таңдау жөніндегі критерийлер		
№ р/с	Критерийлер атауы	Иеліктен айыру түрлері
1	Ж е к е ш е л е н д і р у объектісін әрі қарай бақылауға мемлекеттің мүддесінің болмауы; заңнамамен белгіленген мерзімдерде жекешелендіру объектісін сатудан бюджетке ақшалай қаражатты алу қажеттілігі; ең жоғары мүмкін баға бойынша жекешелендіру объектісін сату және саудаға қатысушылардың кең тобын тарту қажеттілігі; мемлекетке тиесілі бағалы қағаздарды оларды әрі қарай бақылауға мемлекеттің мүддесі болмаған кезде сату.	Сауданы аукцион нысанында өткізу
2	Заңнамамен белгіленген мерзімдерде жекешелендіру объектісін сатудан бюджетке ақшалай қаражатты алу қажеттілігі. сату шарттарын белгілеу жолымен белгілі бір уақыт ішінде жекешелендіру объектісін мемлекеттің бақылауында сақтау қажеттілігі (қызмет бейінін сақтау, кредиторлық берешекті өтеу, жалақы төлемдері бойынша берешектерді өтеу және өзге де шарттар); ең жоғары баға бойынша жекешелендіру объектісін сату қажеттілігі; сату шарттарын белгілеу жолымен белгілі бір уақыт ішінде жекешелендіру объектісін мемлекеттің бақылауында сақтау қажеттілігі (қызмет бейінін сақтау, кредиторлық берешекті өтеу, жалақы төлемдері бойынша берешектерді өтеу және өзге де шарттар) болған жағдайда мемлекетке тиесілі бағалы қағаздарды сату.	Сауданы коммерциялық тендер нысанында өткізу
3	Сенімгерлік басқарудың, сенімгер басқарушымен, жалға алушымен (жалдаушымен) кейін сатып алу құқығымен мүліктік жалға (жалдауға) беру шартының талаптарын орындау үшін мемлекеттің бақылауын белгілі бір уақыт ішінде сақтау қажеттілігі.	Тікелей атаулы сату

АЗАМАТТЫҚ ХАЛ АҚТІЛЕРІН ТІРКЕУ АУДАН ӘКІМДІГІНІҢ ҚАРАУЫНА БЕРІЛДІ

Мемлекет басшысының «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттігердің аражігін ажырату жөніндегі шаралар туралы» Жарлығының ережелерін іске асыру үшін (2014 жылғы 25 тамыздағы) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттігердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар

енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды (2014 жылғы 29 қыркүйек). Аталған Заң шеңберінде кейбір заңнамалық актілерге Әділет министрлігінің жекелеген функцияларын беруге, нақтылауға және толықтыруға бағытталған өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру саласында Әділет министрлігінің азаматтық хал актілерін тіркеу және туу туралы куәліктерді беру

кезінде жеке сәйкестендіру нөмірлерін қалыптастыру бөлігіндегі функциялары жергілікті атқарушы органдарға берілді. Қазақстан Республикасы «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінің талаптарына сәйкес, туу, қайтыс болу, неке қию (ерлі-зайыпты болу), некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу, бала асырап алу, әке (ана) болуды анықтау, атын, әкесінің атын және тегін өзгерту бойынша 7 түрлі мемлекеттік қызмет ұсынылады. Қызмет

мына мекен - жай бойынша көрсетіледі, Амангелді ауылы, Б.Майлин көшесі, 14 үй (аудан әкімдігінің ғимараты) 1 қабат, №114 кабинет, байланыс телефоны 21-4-82. Азаматтық хал актілерін тіркеу саласына жауапты болып, аудан әкімі аппаратының бас маманы Сания Қажмұқанқызы Сүлейменова белгіленген. Туу, қайтыс болу, некені бұзу туралы куәліктерді бұрынғыша Халыққа қызмет ету орталықтарынан алуға болады.

А.ШУКЕНОВ,
Аудан әкімі аппаратының заң бөлімінің басшысы

ҚАУЛЫ ЖОБАСЫ	
Пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының және бірінғай жер салығының базалық мөлшерлемелерін жоғарылату туралы	
Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Кодексінің 387-бабының 1-1 тармағына, 444-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтарындағы Заңының 31-бабына сәйкес Амангелді ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ: 1. Қазақстан Республикасының жер заңнамаларына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының және бірінғай жер салығының базалық мөлшерлемелері он есеге жоғарылатылсын. 2. Осы қаулы заңнамада белгіленген тәртіппен Амангелді аудандық мәслихаттың сессиясында бекітілуге ұсынылсын. 3. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.	
Аудан әкімі	
Ж.Таукенов	
ПРОЕКТ ПОСТАНОВЛЕНИЯ	
О повышении базовых ставок земельного налога и единого земельного налога на неиспользуемые земли сельскохозяйственного назначения	
В соответствии с пунктом 1-1 статьи 387, пунктом 1 статьи 444 Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс) от 10 декабря 2008 года, со статьи 31 Закона «О местном государственном самоуправлении» от 23 января 2001 года акимат Амангельдинского района ПОСТАНОВЛЯЕТ: 1. Повысить базовые ставки земельного налога и единого земельного налога в десять раз на неиспользуемые земли сельскохозяйственного назначения в соответствии с земельным законодательством Республики Казахстан. 2. Внести настоящее постановление на утверждение Амангельдинского районного маслихата в соответствии с законодательством. 3. Настоящее постановление вводится в действие со дня подписания.	
Аким района	
Ж. Таукенов	
ШЕШІМ ЖОБАСЫ	
Пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының және бірінғай жер салығының базалық мөлшерлемелерін жоғарылату туралы	
Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Кодексінің 387-бабының 1-1-тармағына, 444-бабының 1-тармағына сәйкес, Амангелді аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ: 1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес, пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының және бірінғай жер салығының базалық мөлшерлемелері он есеге жоғарылатылсын. 2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.	
Сессия төрағасы Аудандық мәслихаттың хатшысы	
ПРОЕКТ РЕШЕНИЯ	
О повышении базовых ставок земельного налога и единого земельного налога на неиспользуемые земли сельскохозяйственного назначения	
В соответствии с пунктом 1-1 статьи 387, пунктом 1 статьи 444 Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс) от 10 декабря 2008 года, Амангельдинский районный маслихат РЕШИЛ: 1. Повысить базовые ставки земельного налога и единого земельного налога в десять раз на не используемые земли сельскохозяйственного назначения в соответствии с земельным законодательством Республики Казахстан. 2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.	
Председатель сессии Секретарь районного маслихата	

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН 2004-2007 жылы Арқалық қаласындағы Б.Алтынсарин атындағы педагогикалық институтының педагогика және психология бакалавры факультетін бітіргендігі туралы Сыздықова Гаухар Қабдрахиеваның БЖБ №0042718 (тіркеу №6297 25 маусым 2007 ж.) дипломының қосымшасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.
ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН Амангелді селосы Б.Майлин көшесі 1-ші үйдің тұрғыны Серикбай Шакаровтың атына 2006 жылы 13 желтоқсанда берілген «Жылжымайтын мүлікті жария ету туралы №476 Шешімінің» түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.
ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН 07.02.1992 жылы туған Шауқенова Орынбасар Нағсханқызының атындағы жеке куәлік жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.



Мемлекеттік қызметкерлер үшін үнемі қатаң сақталынатын және жұмыс бабында қойылатын талаптардың негізгілерінің бірі – жемқорлықпен күресу мен оған жол бермеу. Коррупцияға жол беру мемлекет және қоғам үшін өте қауіптілігін Елбасымыздың өзі бірнеше рет ескертті. Осыған байланысты ТМД елдерінің ішінде бірінші болып біздің елде «Коорупциямен күрес туралы» Заң қабылданды. Жемқорлықты, басқа да коорупцияның түрлерін жою, бір күндік жұмыс емес, онымен күресте адамдардың сапасын өзгерту, тазалыққа шақыру, материалдық жағдайларын жақсарту жұмыстары қолға алынып отыр. Ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік қызметкерлерге көптеген адамдар мен бірге жұмыс істеуге, әртүрлі мәселелерді шешуге тура

Жемқорлық - індет, онымен күресу - міндет

ЗАНДЫЛЫҚТЫ САҚТАУ МІНДЕТ

келеді. Жеке кәсіпкерлермен, шаруа қожалықтары басшыларымен, жеке адамдармен күнделікті жұмыс бабымен пікірлесіп отырамыз. Бұл жұмысқа өте ыждақаттылықпен қарауды керек етеді. Әрбір адаммен сөйлескенде жұмыс этикасының сақталуы, қызметкердің сыпайылығы қажет. Мал иелеріне бруцеллез ауруына шалдыққан малдарын арнайы мал сою орындарына салудың қажеттілігін түсіндіру, төленетін қосымша төлем ақы туралы хабардар ету жұмыстары атқарылады. Шаруа қожалықтары мен жеке тұлғаларға ауыл шаруашылығы малдарын бағып, ұстауда ветеринарлық

– санитарлық талаптар қоюда коорупцияға қарсы Заң талаптарын қатаң басшылыққа аламыз. Меншік түріне қарамастан барлық мал иелері өз малдарына ветеринарлық паспорт алып, сырғалатуы керек. Сонда ғана бұл малдар компьютерлік коресөбіне алынады. Осыған байланысты мал иелеріне қажетті анықтамалар беріледі. Бұл анықтамалар бірдейлендіру есебіне алынған малдардың әртүрлі жұқпалы ауруларға қарсы алдын-ала егілгендігі, жұқпалы ауруларға тексеріліп, таза шыққандығы туралы жазылады.

Быттыр ауру малдарын

арнайы мал сою орындарына тапсырған мал иелеріне компенсация төлеу кезінде барынша жағдай жасадық. Тиісті құжаттар толтыруға, құжаттар көшірмелерін жасауға көмектестік. Қосымша төлем ақының түсу мерзімі хабарланып отырылды. Аудандық ветеринария бөліміне өтініш, сұрақтарымен келгендерге ешқандай кідіріссіз жауап берілді және олардың тарапынан ешбір түсінбеушілік болған жоқ. Ветеринария мамандарының барлығы да компьютерлермен, басқа да құрал жабдықтармен толық қамтамасыз етілді және олар халықтың сұраныстарын толық орындап отыр.

Д.САКЕТОВ
аудандық ветеринария бөлімінің басшысы

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

қабылданған заңнамалардың басты мақсаты азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден республиканың ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, осыған байланысты құқық бұзушылықтың, қылмыстың алдын алу, олардың жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді тиісті жауапқа тартумен қатар, демократиялық негіздерді,

мемлекеттік басқарудағы жариялылық пен бақылауды кеңейтуге халықтың мемлекет пен оның құрылымдарына деген сенімдерін нығайтуға, білікті мамандарды мемлекеттік қызметке кіруге ынталандыруға, мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың риясыз адалдығы үшін жағдайлар жасауға бағытталғаны жөнінде атап өту қажет. Сыбайлас жемқорлық қазіргі заманғы қоғамның аса бір

сыйлықтар табыс етті.

Ақ ниетпен өткенге салауат айтып, ақ тілекпен жаңа Наурызды қарсы алды. Отанамызға – береке, халқымызға – игілік, мемлекетімізге – молшылық, ал әр шаңыраққа бақыт пен шаттық тілеп ауыл қауымы тілек айтты.

Қыстың қыспағынан құтылып, арқа-бас кеңейетін, мейрам-шаттыққа кенелетін осынау жайдарман шаққа жеткені үшін рахметтерін жаудырды. Наурызды асыға күткен барша халық ниет-пейілін жақсылыққа бағыштай отырып, бақытты болашаққа нық қадам басуда.

Наурыз мейрамы туған жер топырағына күт-береке әкелсін. Баршаныңда амандық, саулық, дастархандарыңызға молшылық тілеймін!

А.СЫЗДЫК,
аудандық әділет басқармасының басшысы.

НАУРЫЗДЫ АПАЛ ӨЛТІ

Наурыз – барша қазақстандықтардың ортақ той-думаны. Наурыз – достық пен еркіндіктің мерекесі. Наурыз – салауатты өмірдің салтанаты. Тәуелсіз мемлекетіміздің қалыптасуымен бірге Наурыз мейрамы барлық қазақстандықтар үшін жалпы халықтық сүйікті мерекеге айналды. Көктемнің осы бір шағында табиғат қана түлеп қоймай, қоғамның ынтымағы мен бірлігін, бейбітшілігі мен түсіністігін нығайтатын адам даласының да жан-дүниесі жаңғыра түседі.

Осы мерекені тойлату ауданымыздың Амантоғай ауылында 21 наурыз күні өтті.

Амантоғай ауылының халқы биылғы наурызды мерекелеу үшін ерекше дайындалыпты.

Амантоғай мектебінің ұжымы наурыз көжелерін әзірлеп, сары бауырсақтарын даярлап, көпшілік дәм татсын деп халыққа таратып, ықылас-ілтипатқа ие болды. Сонымен қатар осы мектеп ұжымының екі сағатқа созылған «Ән-шашу» мерекелік бағдарламасы ауыл халқының көңілін шығып, сұрақ-жауап, бата беру сайыстары ұйымдастырылды, ауылдың жасы мен қариясыда асқан шеберлікпен «Бата беру» сайысына қатысып, тағы бір мәрте «Батаменен ел көгерер» деген нақыл сөздің рас екенін дәлелдеді.

Мерекелік «Ән-шашудың» соңы ұлттық спорт жарыстарымен ұласты. Сайыс жеңімпаздары мен спорт түрлерінен жүлделі орын алғандарға ауыл әкімі Жұманияз Рахымбекұлы бағалы

Жерлес жазушылар жаңалығы

СӘБИТ ДОСАНОВ Е.ЕСЕНИН СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ЛАУРЕАТЫ немесе Қазақ қаламгері Мәскеуден төрт марапат алып қайтты

Ресей Федерациясының Бейбітшілік және Келісім сарайының конференц-залында Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, М.Шолохов атындағы Халықаралық сыйлықтың иегері Сәбит Досановтың 75 жасқа толуына орай жазушының шығармашылық кеші өтті.

Ресей Жазушылар Одағы мен «Мұрагер» және «Қазақ тілі» қоғамдық ұйымдары ұйымдастырған кеште орыстың көрнекті ақыны, Ресей жазушылар одағының бірінші хатшысы Геннадий Иванов, әлем таныған сыншы, академик Феликс Кузнецов, Тәжікстанның халық жазушысы Шавкат Ниязи, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, генерал-лейтенант Сергей Соколов, «Московский литератор» газетінің бас редакторы Иван Голубничий, тарихшы, әдебиетші Валентин Осипов өз сөздерінде Сәбит Досановтың әлем әдебиетінің алтын қорына қосылған «Ақ аруана» повесі, «Екінші өмір», «Тау жолы» романдары жайлы парасатты пайымдауларын ортаға салып, жазушының қуатты, қайталанбас хас талантына аса жоғары баға берді. Қазақстанның Ресейдегі төтенші және өкілетті елшісі Марат Тәжиннің Құттықтау хатын елшіліктің жауапты қызметкері Виктор Темірбаев табыстады. Жазушыны мерейтойымен құттықтаған қазақ және қырғыз диаспорасының өкілдері Сәбит Досановтың талантына тағзым етіп, иығына шапан жапты.

«ҚАСҚЫР ҰЛЫҒАН ТҮН» РОМАНЫ ӨЗБЕК ЖӘНЕ ҚЫРҒЫЗ ТІЛДЕРІНДЕ ЖАРЫҚ КӨРДІ

Сергей Есенин атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты, Василий Шукшин алтын медалінің иегері Сәбит Досановтың «Қасқыр ұлыған түн» атты жаңа романы өзбек және қырғыз тілдеріне аударылып, Ташкент пен Бішкек баспаларынан жеке кітап болып шықты.

Романды өзбек тіліне белгілі әдебиетші Мехман Исламқұлов аударған, ылғы сөзін жазған көрнекті жазушы Насыр Фазылов.

Қырғызша тәжіріме жасаған шоң ақын Марха-

Мерейтой кешін жүргізген белгілі жазушы, Ресей Баспасөз клубының Президенті Валерий Поляев Сәбит Досановқа Сергей Есенин атындағы «Золотая осень» сыйлығы берілгенін және Василий Шукшин алтын медалімен марапатталғаны жайлы қуанышты хабарды жеткізгенде зал толы халық дуылдата қол соқты. Бұл сыйлықтарды Ресей және Мәскеу Жазушылар Одақтарының басшылары табыстады.

Сәбит Досанов сонымен бірге аса көрнекті мемлекет қайраткері Геннадий Зюгановтың шешімімен «Тың жерлерді игерудің 60 жылдығы» және «Панфиловшы» ескерткіш-медалімен марапатталды. Сөйтіп қазақ қаламгері Мәскеуден төрт бірдей марапат алып, елге зор абыроймен оралды.

Сәбит Досановтың Мәскеуде өткен шығармашылық кешіне генерал-полковник, Ресей Жазушылар Одағының мүшесі Юрий Ефимов, аса көрнекті акын Леонид Монастырский, белгілі армян әдебиетшісі Станислав Оганян, «Дружба народов» Университетінің проректоры, профессор Нұр Қирабаев, «Московский литератор» газетінің бас редакторы Иван Голубничий, Ресей мен Қазақстан және Қырғызстанның елге таны-мал көрнекті тұлғалары қатынасты.

Қазбек ИСА,
«Қазақ үні» газеті АҚ президенті.

бай Ааматов. Бішкекте шыққан кітапқа алғасөзді Қырғыз республикасының батыры, әлемге әйгілі ақын Сооронбай Жусуев жазыпты.

Екі елдің ақпарат құралдары «Қасқыр ұлыған түн» романы жайлы жарыса жазып жатыр.

Орыс тіліне Орынбай Жанайдаров аударған роман «Нива» журналының бірнеше санында жарияланды. «Қасқыр ұлыған түнді» тәжірмалауға түркмен, тәжік қаламгерлері де кірісті.

Серік ӘБІЛЖАН

БАЙҚАУҒА ЖОЛДАМА АЛДЫ

Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің негізінде құрылған «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы ұйымдастырып отырған «Ясауитану» республикалық байқауына Қостанай облысының ең мықтыларын іріктеп, Түркістан қаласында болатын республикалық байқауға жіберу мақсатында «Қостанай дарын» өңірлік ғылыми-практикалық орталығында болған сынаққа Есір ауылының Н.Мейрманов атындағы орта мектептің 10 сынып оқушысы Борашов Асыланды осы мектептің тарих пәнінің мұғалімі Әміргазин Сайран Құрақбайұлы дайындап апарып, ауданымыздың намысын қолдан бермей, сәуір айының 23-24 аралығында Түркістан қаласында өтетін «Ясауитану» республикалық білім байқауына жолдама алып, Қостанай облысының намысын қорғауға баратын болды.

Олжас УТЕГЕНОВ,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

«МЕНИҢ ЕЛІМ, ҚАЗАҚСТАН!» АТТЫ ФЛЕШ-МОБ ӨТТІ

Таяуда аудандық ішкі саясат бөлімінің ұйымдастыруымен аудан орталығында «Менің елім, Қазақстан!» атты флеш-моб ұйымдастырылды. Акцияда аудан жастары көк жалауша ілінген ақ түсті машиналарымен аудан көшелерін аралап, елді ауына қаратып, бір таң қалдырды. Содан соң орталық алаңға бір кісідей жиналып, шеңбер құрды. Іле алаңға 40-қа жуық биіш жастар ырғақты әуенге би билеп, әртүрлі бейнелерді көрсете білді. Барлығы бірге «Жасасын Қазақстан!» деп ұрандады.

Аудандық ішкі саясат бөлімінің қызметкері Бөтағаз Темірбай: «Менің елім, Қазақстан!» атты флеш-моб ұйымдастырудың мақсаты - аудан жастарын отансүйгіштікке, елжандылыққа баулу, патриоттық сезімдерін ояту, - деді. Алдағы уақытта осындай игі бастамалар бола берей.

Ә.МҰРАТБЕКҰЛЫ.

Құттықтауымыз!

МҮШЕЛТОЙ – 73 ЖАС!

Отағасына қадірлі бәйбіше, балаларына аяулы ана, немерелеріне сүйікті әже болған **Сәбираш СӘНДІБЕКҚЫЗЫ** 73 жасқа келіп отыр. Отағасысы екеуінің отау тіккендеріне 53 жыл толған «Алтын алқа» иегері Сәбираш 8 баланың анасы, 20 немеренің әжесі!

Шаңырағымызды шатшадыман шаттыққа кенелткен бәйбішеме зор денсаулық, ұзақ та бақытты өмір және барлық бала-шағаларымыз бен немерелеріміздің қызығын өзімнен молынан бірге көріп, бірге жасап, жарасып қатар жүре беруін тілеймін.



Құдай қосқан аяулы Сәбирашым, Риза саған ел-жұртым, ауылдасым. Үлкендерге қадірлі келін болдың, Көрді бәрін ағайын, бауырласым.

Өміріме өзімнен бірге өткен Ризамын, жылдарға сонау кеткен... Болдың адал серігім, жолдасым да, 53 жыл сыйласып, еркелеткен.



Алла саған күш берсін, қуат берсін, Немерелер көбейіп, шұбап ерсін! Әр тойында Санжарлар әнін салып, Шөберелер өзіңе өлең өрсін!

Құттықтаушылар: отағасысы Зәкір, балалары мен немерелері.

«Үздік тәрбиеші - 2015» байқауының жеңімпазы

Жақында ауданаралық «үздік тәрбиеші» байқауы болып өтті. Байқауға Аманкелді ауданы білім беру ұйымдарының мектепке дейінгі шағын орталық, мектепалды даярлық тобы және балабақша тәрбиешілері қатысты. Байқау екі кезеңнен тұрды. Байқаудың бірінші кезеңі сырттай өтті. «Мен тәрбиешімін» тақырыбына эссе жазып, тапсырды.

Байқаудың екінші кезеңі теориялық кезең – тест алу. Осы екі кезеңнен мүдірмей өткен «Балдырған» балабақшасының тәрбиешісі Орымбаева Айгерым «Ең үздік тәрбиеші» байқауының бас жүлдесіне ие болды. Орымбаева Айгерым «Балдырған» балабақшасында біржарым жылдан бері жұмыс жасап келеді. Жас болса да өз ісінің майталманы!



К.ЕРМЕКОВА,

«Балдырған» балабақшасының кәсіподақ төрайымы.

Спорт

ОЛЖАМЕН ОРАЛДЫ



Қостанай қаласында кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 26 жыл толуына орай облыстық әскери жекпе-жек-тент мектеп оқушылары арасында турнир өтті. Бұл турнирде Қостанай облысына қарасты қалалар мен аудандардың жас спортшылары өзара бақ сынасты. Аманкелді ауданының балалар және жасөспірімдер спорт мектебіндегі бокс бапкері Миранов Азиз сайысқа 4 оқушыны дайындап, апарды.

А.Миранов балаларды баптап, ерік жігерлерін шындап, оларға сенім артты. Үш күнге созылған айтулы бұл турнирде біздің жас спортшылар бапкерін жерге қаратқан жоқ. Аудан намысын арқалаған жас спортшылар олжамен оралды. Атап айтар болсақ: Ы.Алтынсарин атындағы орта мектептің оқушысы Қуанышбеков Арман (2002 жылғы) 35 кг салмақ дәрежесінде - 3-ші орынды алды. Б.Қолдасбаев атындағы орта мектептің оқушылары Нағызғанов Мұхаммедәлі (2003 жылғы) 40 кг салмақ дәрежесінде 3-ші орын, Сақтағанов Есболат (2003 жылғы) 25 кг салмақ дәрежесінде 2-ші орын, Сағымбеков Сағдат (2003 жылғы) 35 кг салмақ дәрежесінде 2-ші орындарды иеленіп, аудан халқын бір қуантты. Жас спортшыларымыз облыстық сайыстарда ғана емес, алдағы уақытта республикалық сайыстарда да жүлделі орындар алып келетініне сеніміміз мол.

Ә.ЖҰМАБЕК.
Суретте: жас спортшылар.

110200. Меншік иесі : «Аманкелді арайы» газеті редакциясы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас редакторы - Х.Қ.МҰСАБАЕВ

Газет ҚР Мәдениет және Ақпарат Министрлігінде 2014 жылдың 17 сәуірінде қайта тіркеуден өткізіліп, №14308-Г күлөгі берілді. Газет «Қостанай - полиграфия» ЖШС-нің баспаханасында басылады. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Жарнама мен хабарландырудың, құттықтаудың мәтініне редакция жауап бермейді. Газетте жарияланған автор пікіріне редакция көзқарасын білдірмейді. Компьютерлік 3 беттен асатын

материалдар қабылданбайды. Мақалалар компьютерде теріліп редакцияға электронды вариантта жеткізілуі тиіс. Түсініксіз қолжазбалар қабылданбайды. Аптасына 1 - рет шығады. Көлемі екі баспа табақ. Таралымы - 1970 дана. Тапсырыс - 606

Мекен-жайымыз: Аманкелді селосы, Б.Майлин көшесі 14, 2-қабат, Телефондар: (8 714-40) 2-38-10. 2-10-57.